

### БАЛАҢЫЗ МЕКТЕПКЕ ДАЙЫН БА?

4-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



### ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕГІ ӘЛІМЖЕТТІК

6-БЕТ | МӘСЕЛЕ



### ҚАЗАҚ ЖАЗУЫНЫҢ НЕГІЗІН САЛҒАН

7-БЕТ | АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Қазіргі заманда өңірлерде, елдерде, тіпті, құрлықтарда жұмыс күшінің көші-қоны жүріп жатыр. Бұл заңды құбылысқа айналды. Осы үрдіске біздің азаматтар да үйренуі керек. Көрші елдердің азаматтары бұл жағдайға жақсы бейімделді. Біз қандастарымыздың барлық салада, соның ішінде мемлекеттік қызметте жұмыс істегенін қалаймыз. Олар «Жаңа Қазақстанды» құруға өз үлесін қосады деп сенемін.

№94 (4372)
Бейсенбі
11 тамыз
2022 жыл

Nur Sultan

# ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ




2

## АБАЙДЫҢ ЖОЛЫ – ЖАРҚЫН ЖОЛ

Кеше елорда тұрғындары Абай күніне орай ұлы ақынның ескерткіші жанына жиналып, рухына тағзым етті. Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен, қалалық мәслихат депутаттары, қалалық Қоғамдық кеңес мүшелері, қалалық Ардагерлер кеңесінің мүшелері, Amanat партиясы Нұр-Сұлтан қалалық филиалының өкілдері, мемлекеттік мекеме басшылары, зиялы қауым өкілдері мен қарапайым жұртшылық ескерткішке гүл шоқтарын қойды.

## ҰБТ БАСТАЛДЫ

Тамыз айында өтетін ұлттық бірыңғай тестілеу басталды. Оған қатысуға 20 мыңнан астам өтініш қабылданды деп хабарлады Ғылым және жоғары білім министрлігі.



Тамыздағы ҰБТ шекті балл жинай алмаған талапкерлердің тестілеуден қайта өтіп, жоғары оқу орнына ақылы негізде түсуге мүмкіндік беруі үшін өткізіледі.

Бұл ҰБТ-ға биылғы және өткен жылдардың мектеп түлектері, колледж түлектері мен шетелдік мектептерде білім алғандар қатыса алады.

Тамыздағы тестілеу электронды форматта 10-13 тамыз аралығында өтеді. Тіркелу кезінде тестілеуге қатысушылар емтихан өтетін орынды, күнді және уақытты өздері таңдайды.

## БІЛІМ ГРАНТЫН КІМДЕР АЛДЫ?

Мемлекеттік білім грантын тағайындау конкурсының қорытындысы шықты.

Білім гранты иегерлерінің тізімі Ғылым және жоғары білім министрлігінің Telegram каналында жарияланды.

2022-2023 оқу жылына арналған білім гранты иегерлерінің тізімі жарияланды. Дайын сертификаттарды талапкерлер Ғылым және жоғары білім министрлігі жанындағы Ұлттық тестілеу орталығының grant.testcenter.kz сайтынан жүктей алады.

## СӘБИ ӨМІРІН ҚҰТҚАРЫП ҚАЛДЫ

Елордалық тұрғын 10-қабаттан құлап бара жатқан баланы құтқарып қалды.

«Осы жылдың 31 шілдесінде сағат 20:50-де құтқару қызметіне жедел жәрдемнен қоңырау түсті. Онда Қабанбай батыр даңғылы, 42 мекенжайында орналасқан үйдің 10-қабатынан бала құлағаны айтылған. Биіктен құлаған бала 2017 жылы туған. Оны сол үйде тұратын 1988 жылғы азамат жолай өтіп бара жатып кездейсоқ көріп, дереу баланы қағып алуға тырысқан. Ол осылайша баланы жерге қатты соғылудан сақтап қалды. Дегенмен бүлдіршін қазір №2 аурухананың жансақтау бөлімінде жатыр» деді ТЖД баспасөз қызметі.

Департамент өкілдері баланы құтқарып қалған Талғат Әбдіханұлын марапаттауды жөн көріп, оған хабарласқан. Алайда ол бүлдіршіннің ауыр халде жатқанын алға тартып, марапаттан бас тартқан.




ELORDA.INFO САУАЛНАМАСЫ

ЕЛОРДАДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІКТЕРДІҢ ЖҰМЫСЫНА КӨҢІЛІҢІЗ ТОЛА МА?

- ☐ Иә, елордадағы қоғамдық автобустардың жұмысы бір жолға қойылған
- ☐ Кішігірім олқылықтарға қарамастан аймақтармен салыстырғанда елордадағы қоғамдық көліктердің жай-күйі жақсырақ
- ☐ Жоқ, қарбалас уақытта автобус жолаушыға лық толы болады. Қоғамдық көліктердің санын арттыру қажет
- ☐ Маған бәрібір. Мен өз көлігіммен қатынаймын
- ☐ Өз жауап нұсқаңыз (комментарий)

elordainfo

Elorda.info ақпараттық порталы әлеуметтік сауалнама жүргізуде, оған QR-код арқылы дауыс беріңіз.

№94 (4372) 11/08/2022 Бейсенбі



# ҮКІМЕТ БАСШЫСЫ ЕСЕП БЕРДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Премьер-министр Әлихан Смайыловты қабылдады.

Президентке 2022 жылдың қаңтар-шілде айындағы еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары туралы баяндалды.

Әлихан Смайыловтың айтуынша, осы аралықта ЖІӨ өсімі 3,2 пайызды құрады. Тауарлар өндірісі 3,3 пайызға, көрсетілген қызметтер 2,4 пайызға артты. Құрылыс, сауда, өңдеу өнеркәсібі, сондай-ақ көлік және байланыс салаларында айтарлықтай өсім бар.

Премьер-министр Президентке Үкіметтің әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаны тежеу шараларына қатысты мәлімет берді. Үкімет 2022-2024 жылдарға арналған азық-түлік қауіпсіздігі жоспарын орындап келеді. Үкімет басшысы инфляция деңгейін төмендету, экономиканы демонополизациялау, елдің транзиттік-көліктік әлеуетін дамыту жөніндегі шаралар туралы баяндады. Әлихан Смайылов құны 22,2 триллион теңге болатын инвестициялық жобалардың жүзеге асырылып жатқанын жеткізді. Сонымен қатар Премьер-министр Президентке Қазақстанның 2023-2025 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамын ұсынды. Президент құрылымдық реформалар мен экономиканы демонополизациялауды жалғастырып, кәсіпкерлікке қолдау көрсету қажет екенін айтты. Сондай-ақ халықтың кірісін арттыруды қамтамасыз етудің маңызын атап өтті.

# ХАЛЫҚ КӨТЕРГЕН МӘСЕЛЕ ЕСКЕРІЛУІ КЕРЕК

Орталық және жергілікті мемлекеттік органдар басшыларының 2022 жылдың І жартыжылдығындағы халықпен кездесулерінің қорытындылары Премьер-министр Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында қаралды.

Ақпарат және қоғамдық даму министрі Асқар Омаров баяндама жасап, орталық мемлекеттік органдар басшылығының азаматтармен 45 кездесу өткізгенін хабарлады. Атап айтқанда, министрлер Ақтөбе, Қарағанды және Павлодар облыстарына жиі барды. Ақпарат алаңына жасалған мониторинг кездесулердің республикалық және өңірлік БАҚ-та, телеарналар мен әлеуметтік желілерде кеңінен жарияланғанын көрсетті.

Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыровтың мәлімдеуінше, бірінші жартыжылдықта барлық деңгейдегі әкімдер 594 мың адамның қатысуымен 8,5 мыңға жуық кездесу өткізді. Онда тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, абаттандыру және экология, жолдарды реконструкциялау, әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін салу және т. б. мәселелер көтерілді. Премьер-министр Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша министрлер мен әкімдердің халықпен кездесулері жаңа форматқа сәйкес «жүзбе-жүз, ашық тілдесу» түрінде өткізілетінін атап өтті.

Сондай-ақ халықпен кездесулер алдында азаматтардың өтініштеріне алдын ала талдау жүргізілді, ол проблемаларды неғұрлым егжей-тегжейлі зерделеуге, әкімдік деңгейінде немесе ведомствоаралық өзара іс-қимыл арқасында оларды шешудің жолдарын қарастыруға мүмкіндік берді.

«Халықпен кездесуден соң барлық деңгейдегі әкімдер проблемалық мәселелерді жүйелейді, ал оларды қаржыландыру мүмкіндіктері мәслихат сессияларында қаралады» деді Әлихан Смайылов.

Үкімет басшысының айтуынша, кейбір өңірлерде кездесудің жаңа форматына бейімделмей, ескі сүрлеуден шыға алмай отырғандар да бар. Алайда бұған қарамастан, мұндай шараларға еркін кіру принципі сақталуы керек.

«Мемлекет басшысы «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» принципінің маңызын атап көрсетті. Біз халықтың мұң-мұқтажына құлақ асып, олардың сын-пікірін де тыңдай білуіміз керек. Адамдарды күнделікті болып жатқан қарапайым мәселелер алаңдатады. Тек осындай кездесулердің қорытындысы бойынша ғана халық тарапынан 30 мыңға жуық мәселе мен ұсыныс көтерілді. Бұлардың бірде-біреуі қараусыз қалмауы тиіс. Адамдар өздері көтерген мәселенің нақты шешімін тауып жатқанын көруі керек» деді Премьер-министр.

Осыған байланысты орталық және жергілікті органдар халықпен жоспарланған кездесулерді жалғастырып, қандай жұмыс атқарылды, басқа мәселелер қалай шешімін табады – соның бәрін нақты көрсету үшін әр кездесуді кеңінен жариялап отыруы керек. Министрлер мен әкімдерге халықпен кездесулердің нәтижелілігін арттыру тапсырылды. Мұнда проблемалық мәселелердің жедел шешілуіне басымдық беріп, нысаналы топтармен тұрақты кездесулер өткізіп отыру керек.

Сонымен қатар Әлихан Смайылов республикалық және жергілікті бюджеттердің жобаларын қалыптастыру немесе нақтылау кезінде халықтың кездесулер барысында көтерген мәселелерін ескеру қажет екеніне назар аударды. Сондай-ақ Үкімет басшысы министрлер мен әкімдердің халықпен кездесуін бағалау критерийлерін әзірлеуді тапсырды, олардың нәтижелері Үкіметте үнемі қаралып отырады.

# ОҚУШЫСЫ КӨП ҚАЛА

Алдағы жаңа оқу жылында елордада тағы 11 мектеп ашылады. Бұл туралы Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгінов мәлімдеді.

«Алдағы жаңа оқу жылында тағы 11 мектепті ашу жоспарланып отыр. Осылайша 20 мың оқушыға арналған білім ордалары пайдалануға беріледі. Мектепке деген қажеттілік бар екенін ескере келе, Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, оқу орындарының құрылысы айтарлықтай артты.Соңғы үш жылдың өзінде бас қалада 70 мың оқушыға арналған 34 мектеп салынды» деді қала басшысы.

Алтай Көлгінов қаланың барлық ауданында мектептің құрылысы жүріп жатқанын жеткізді.

«Мәселен, тұрғындардың өтініші бойынша №59 мектеп-лицейінің (Сауран көшесі) аумағында жаңа корпустың құрылысы басталды. Сондай-ақ қаланы аралау барысында Тұран даңғылы (қарқынды дамып келе жатқан аудан, «Зәм-Зәм» тұрғын үй кешені ауданы, E51 және E69 көшелерінің қиылысы) бойында салынып жатқан мектепке бардым. Білім ұясы 4 мың орынға (2 ауысымда) есептелген» деді ол.

Қала әкімі мектеп құрылысы үшін жеке кәсіпкерлер де жұмылдырылатынын айтты.

«Мұның бәрін бюджет қаражатына жүктеуге болмайды. Оның үстіне ата-аналар тарапынан жеке мектептерге деген сұраныс та бар. Мысалы, «Emirates Global Education Group» компаниясының өкілдерімен кездестік. Олар өз қаражаты есебінен елордада «Sabis» халықаралық мектебі мен балабақша салып жатыр. Жалпы саны 3200 оқушыға арналған. Бұл мектепті келесі жылы ашуды жоспарлап отырмыз» деп түсіндірді А.Көлгінов.





# АБАЙДЫҢ ЖОЛЫ – ЖАРҚЫН ЖОЛ

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

**Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

– Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің ұйымдастыруымен 10 тамыз күні жыл сайынғы дәстүр бойынша Абайдың ескерткішіне гүл шоғын қою рәсімі болады. Содан кейін елордада ақынды ұлықтайтын іс-шаралар басталады. Мәселен, мектептер мен жоғары оқу орындарында танымдық іс-шаралар өтеді. Биылдан бастап ірі-ірі сауда орталықтарында Абайдың өлеңдері мен қара сөздерінің аудионұсқасы күнделікті 15-20 рет беріліп тұрады, – деді қалалық Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Сәкен Есіркеп.

Бас қалада Абай күніне арналған шаралар мұнымен шектелген жоқ. Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігіне қарасты мәдени мекемелер осы атаулы күнге орай бірнеше шара өткізді.

Атап айтқанда, «Атамекен» – Қазақстан картасы» этно-мемориалдық кешенінде «Абай дара, Абай дана қазақта» атты дәріс өтті. С.Сейфуллин музейінде ұйымдастырылған «Абай әлемі» атты поэзия кешінде зерттеушілермен, абайтанушылармен кездесу өтіп, ақынның шығармалары мен өлеңдері оқылды.

Орталық қалалық кітапханадағы «Абай дана, Абай дара қазақта» атты поэзия сағатында ақынның шығармашылығы туралы әңгіме өрбіді. Ал «Абай – ұлы тұлға» атты шарада елорда тұрғындары ағартушының ғылым мен мәдениетке қосқан үлесі жайында, оның патриот, азамат және ақын ретіндегі тұлғасының маңыздылығы туралы түсінігін кеңейтуге мүмкіндік алды.

№2 қалалық кітапханада Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» шығармасына арналған әдеби сағат ұйымдастырылды. Қуыршақ театрында сахналанған Қуат Ежембектің «Жарық сәуле» әдеби композициясы ұлы ақынның қалыптасуы, өмірі туралы сыр шертті.

«АЛЖИР» мемориалды-мұражай кешенінде «Абайдың қуғын-сүргінге ұшыраған ұрпақтары мен туыстары» көрмесі ашылды. Орталық кітапхана «Аққуға үнін қосқан кемел дарын» атты көрмелер циклін бастады. Көрмеде Абайдың ғана емес, халқымыздың өзге де ақын-жазушыларының шығармашылығымен танысуға болады.

– Абайдың сөзі – мыңжылдықтардың еншісі. Сондықтан «Жаңа Қазақстанды» өркендету үшін Абайдың даналық ғибратын ісімізде, қарекетімізде, ойымызда қолдануымыз керек. Бастысы, Абайдың ғибратын, кемеңгерлік кеңестерін өмірімізде лайықты пайдалануымыз қажет. Сол кезде ғана біз рухани жетілеміз және «Жаңа Қазақстанды» дамытамыз. Абай – адамзаттың сөзін сөйлеген адам. Ол адамзат ойшылдарының қатарында тұрған, Пушкин мен Лермонтовты сөйлеткен тұлға. Абайдың жолы – «Жаңа Қазақстанның» жарқын жолы деп есептеуіміз керек, – деді филология ғылымдарының докторы, профессор Серік Негимов.

## ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

***Еуроодақта газды тұтыну мөлшерін 15 пайызға азайту жоспары күшіне енді.***

Осылайша ресейлік көгілдір отынға тәуелділікті төмендету көзделіп отыр. Еуроодақтың шешімін оған мүше 27 мемлекеттің 25-і қолдаған. Польша мен Венгрия ғана қарсы дауыс берді. Бұл – әзірге ерікті түрде жүргізілетін шара. Алайда нәтиже бермесе, одақ елдері көгілдір отынды тұтыну мөлшерін азайтуға міндеттелуі мүмкін.



***Қандағы глюкоза деңгейін енді денеге ине салмай-ақ тексеруге болады.***

Жуырда каирлық студенттер осындай құрылғы жасап шықты. Жоба авторларының айтуынша, аппарат спектроскопия көмегімен жұмыс істейді және жасанды интеллектпен жабдықталған. Болашақта бұл өнім диабетке шалдыққан адамдарға қолданылатын инвазивті диагностика әдістерін алмастыруы әбден мүмкін дейді жоба авторлары.



***АҚШ президенті Финляндия мен Швецияның НАТО құрамына кіруін мақұлдайтын құжатқа қол қойды.***

Демократтар мен республикалық партия мүшелері Финляндия мен Швецияның НАТО құрамына кіруін бірауыздан қолдаған. Ақпанның 24-і күні Ресей Украина аумағына әскерін жібергендіктен, екі ел бірден осы одақтың құрамына кіруге өтініш білдірген. Ізінше НАТО-ның 30 мүшесі хаттамаға қол қойып, тиісті құжаттарды ратификациялаған.

# ЕРЕКШЕ ОРТАЛЫҚ АШЫЛДЫ



Бас қалада ерекше қажеттілігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар үшін «Бақытты шаңырақ» орталығы ашылды. Орталықтың ерекшелігі – мүмкіндігі шектеулі балаларға ғана емес, олардың аналарына да қажет көмек көрсетіледі. Бұл туралы елорда әкімі Алтай Көлгінов мәлім етті.

Мұнда ерекше балалардың аналарына қайта білім алу, біліктілігін арттыру курсынан өту, жұмысқа орналасу бойынша жәрдем беріледі. Сол сияқты психологиялық көмек те көрсетіледі. «Бақытты шаңырақ» орталығы мүмкіндігі шектеулі 600-ден астам баланы қамтиды. Орталық Р.Қошқарбаев даңғылы, 60 мекенжайында орналасқан.

«Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша ерекше қажеттілігі бар балаларға жан-жақты жағдай жасау мәселесіне ерекше көңіл бөлінеді. Осылайша елордада 15-тен астам орталық ашылды, олар 4 мыңға жуық мүмкіндігі шектеулі баланы қамтыды. Мәселен, осыған дейін «Асыл мирас», «Орда», «Балам-ай» оңалту орталықтары, сол сияқты №1 қалалық балалар ауруханасы базасында «Қамқорлық» оңалту орталығы ашылды. Олар БЦП, аутизм, Даун синдромы және жүрек талмасы секілді диагнозы бар балаларды оңалтумен айналысады.Сондай-ақ біліктілікті арттыру және жұмысқа орналастыру мәселесіне арналған орталықтар, белсенді ұзақ өмір сүру орталығы (ардагерлер үйі), әлеуметтік орталықтар («Жанұя» отбасы институтын қолдау орталығы), көру қабілеті бұзылған балаларға арналған мамандандырылған балабақша (Сарыарқа ауданы, Кенесары көшесі, 9/1) ашылды» деді елорда әкімі.

# ПИРАМИДА ҚҰРҒАНДАР ҚҰРЫҚТАЛДЫ

Нұр-Сұлтан қаласында тағы бір қаржы пирамидасына қатысты тергеу басталды. Инвестиция саласындағы маркетингтік компания атын жамылған «ММК Investment» қаржы пирамидасын құру және басқару бойынша сотқа дейінгі тергеу басталды.

Мұндай компаниялардың өкілдері салымшыларды ең аз $50 инвестициямен тарта отырып, әкелген әрбір клиент үшін қосымша % төлеуге уәде береді. Жеке шоттағы әрбір салым сомасы шарт жасамай «цифрлық түрде» көрсетілді. Сонымен қатар мұндай жалған қаржылық ұйым клиенттерінің инвестицияланған қаражатты алу мүмкіндігі жоқ. Тек шотты толтыру бар.

«ММК Investment» компаниясының заңсыз қызметі әлеуметтік желілер арқылы жарнамаланды. Осы қаржы пирамидасын ұйымдастырушыға қатысты «қамау» түріндегі бұлтартпау шарасы таңдалды» деп жазылған хабарламада.

Қылмыстық процессуалдық кодекстің 201-бабының талаптарына сәйкес, сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басқа деректері тергеу мүддесі аясында жария етілмейді. Қаржылық мониторинг агенттігі азаматтарды қырағы болуға және жинақтарын күмәнді қаржы институттарына салмауға шақырады.

# МЕКТЕП ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАШАН АЯҚТАЛАДЫ?

Қазіргі таңда Байқоңыр ауданының «Өндіріс» тұрғын алабындағы №23 мектепте құрылыс жұмысы жүруде. Осыған орай, Байқоңыр ауданы әкімінің міндетін атқарушы Ришат Тұрдыбеков, Нұр-Сұлтан қалалық Білім басқармасының және Құрылыс басқармасының басшылары арнайы білім нысанына барып, жұмыс жайымен танысты.



Сондай-ақ аталған мектепте оқитын оқушылардың ата-аналармен де кездесіп, құрылыс жұмыстарының аяқталу мерзімі айтылды. Аталған тұрғын алаптағы №23 мектептің жөндеу жұмысы осы айдың соңына дейін аяқталып, жаңа оқу жылында тапсырылу жоспарланып отыр.

Кездесу барысында ата-аналар қауымы Құрылыс және Білім басқармасының, сондай-ақ, аудан әкімдігінің өкілдеріне өзекті сұрақтар қойды. Бұдан бөлек, мектеп басшылығы мен ата-аналар жаңа оқу жылындағы мектеп формасы секілді бірқатар мәселелерді де талқылады.

***Альпі тауларындағы мұздықтар мен қар рекордты жылдамдықпен еріп жатыр.***

Биыл бұл жердегі мұздықтардың биіктігі 5 сантиметрге төмендеп, ауа температурасы 0,3 градусқа жылынған. Біріккен Ұлттар Ұйымының климат өзгерісіне арналған есебінде 2100 жылға қарай Альпідегі мұздардың 80 пайыздан астамы еритіні көрсетілген. Соңғы 20 жылда аймақта көп өзгеріс болды. Мұздықтардың биіктігі 10 метрге дейін төмендеп кеткен.



***Ливан Украина астығын сатып алудан бас тартты.***

Бұған тауардың 5 айға кешігіп келуі себеп болды дейді сатып алушы компания. Украинаның 26 мың тонна жүгерісі Триполи портына жетуі керек еді. Енді кеме бағытын өзгертіп, өзге тұтынушы компанияны іздестіріп жатыр. Кеше Украина портынан тағы екі кеме жолға шықты. Бірі 11 мың тонна сояны Италияға, екіншісі 48 мың тонна жүгеріні Түркияның Искендерун портына тасымалдауы тиіс.

**АЙТПАЙЫН-АҚ ДЕП ЕДІМ...**

# БАЗАРҒА БАРЫП КӨРІҢІЗ...

Базарда баға барған сайын аспандап барады. Бұрын баға ай сайын көтерілсе, қазір апта сайын өсіп жатыр.

**Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ**

Кеше 1000 теңгеге алған затыңды бүгін кемінде 50 немесе 100 теңге қымбатқа сатып алуың мүмкін. «Оу, неге қымбат? Кеше 1000 теңгеге алып едім ғой» десең, «иә, кеше 1000 теңге болған, бүгін бағасы өсіп кетті, ертең тағы өседі» деп зат сатушылар да былқ етпейді. «Сонда сіздер бағаны өздеріңіз біліп, өсіре бересіздер ме?» десең, «жоқ, бағаны өсіріп жатқан біз емес, өндірушілер мен жеткізушілер тауар бағасын күн сайын қымбаттатып жатса, оған біздің не амалымыз бар?!» деп өзіңе қайра сұрау қояды. Шынын айтайық, сатушылардың бұл сөзіне жұрттың да еті үйрене бастады, ал «неге бұлай жоғарылап барады?» деп базарда күн сайын бағаны қадағалап жүрген құзырлы органдар қызметкерлерін көргеніміз жоқ. БАҚ беттеріне қарасаң бәрі керемет, баға бақылауда, зат бағасын тұрақтандыру үшін қыруар жұмыс істеліп жатыр. Бірақ Үкіметтің есебі мен базардағы жағдай мүлде кереғар. Сонда кім кімді алдап отыр? Үкімет қымбатшылықтың алдын алу үшін сондай керемет шараларды атқарып жатса да, баға күн сайын өсіп жатқаны қалай? Доллар бағамының құбылуы сынды сыртқы факторлар әсер етті дейтін сылтау айтуға болатын шетелден келетін тауарлар болса бір сәрі, өз елімізде, өз жерімізде өндірілетін өнімдердің де бағасы күн сайын қымбаттап бара жатқанын қалай түсінуге болады?!

Кеше астаналықтар азық-түлік алуға көп баратын «Шанхай», «Шарын» базарларын аралап қайттым. «Былтыр жазда тауық етінің бір қорабын 9000 теңгеден алушы едік, биыл, міне, 18300 теңге болды. Маусым айында 14000 теңгеден алсақ, күн сайын бағасы өсіп, шілденің соңында 18000 теңгеден асып кетті» деп шағын дәмхана ашатын бір келіншек кейістік білдірсе, «Бұған дейін 8500-9000 теңгеден алып жүрген баланың жаялығының бағасы 11500 теңгеге жетті. Алда тағы қымбаттайды дейді сатушылар» деп базардан немерелеріне керек-жарақ алып жүрген бір әжей де датын айтты.

Мен Қазақстанға келген 2018 жылы 25 келілік «Цесна» ұнының бағасы 4200 теңге еді. Ал қазір 9000 теңгеден асып кетті. 5 жылға жетпейтін уақытта екі еседен артық өсті, ол кезде елорда базарында картоптың келісі 70 теңге болса, қазір базарда 200 теңгеден арзан картоп таппайсың. Түсім артқан, өнім молайған күздің өзінде баға бұлай аспандаса, қыста қысым тіпті күшеймей ме?! Ұн да, картоп та өзіміздің елден шығады, сыртқы нарыққа да шығарып отырмыз. Өзіміз өндірген өнім бағасының өзі осылай аспандай берсе, елдің ертеңгі күні не болмақ?! Бұл өнімдердің бағасы өскенмен, жанармайдың, электрдің, еңбекақының мөлшері зат бағасымен салыстырғанда мандып өскен жоқ, жұмысшылардың көбі 5-10 жылдың алдында бекітілген жалақымен жүр. Ендеше өз өніміміздің бағасының осылай шарықтай беруіне түрткі болған себеп не? Осыны түсіндіретін және осы мәселені қадағалап отырған, мәселенің салдарымен емес, себебімен күресіп отырған Үкімет бар ма?! Баға осылай бақылаусыз бетімен кете бере ме?! Көзбояушылықпен өткізген аты бар, заты жоқ тексерулер мен күнде ашылатын жиынмен ештеңе шешілмейтінін Үкімет басшысы қашан түсінеді?!

Жақында Үкімет басшысы «министрлер ауылға дейін барып, елдің жағдайын білуі керек» депті. Жөн сөз. Ендеше Үкімет мүшелері жұртқа үлгі көрсетіп, базарға бір барып көрсінші, баға бақылауда ма екен...

**АЛЛО, «АСТАНА АҚШАМЫ»!**

**Ақтоты ӘСЕНҚЫЗЫ, елорда тұрғыны:**

**– Бизнес ашу үшін берілетін мемлекеттік грантты кімдер ала алады? Аз қамтылған отбасы мүшелері алуға бола ма?**

***Оқырман сауалына Нұр-Сұлтан қаласы Халықты жұмыспен қамту орталығы кәсіпкерлік бастамаларды қолдау бөлімі басшысының міндетін атқарушы Бақыт БЕКЕНОВТІҢ жауабын ұсынамыз:***

– Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға грант алу үшін қатысушы business.enbek кәсіпкерлік бастамаларды қолдау порталы арқылы өтініш бере алады. Грант ұсынылатын адамнан «Бастау бизнес» жобасы бойынша оқығанын айғақтайтын сертификат, үміткердің порталда белгіленген талаптарға сәйкестігін растайтын нәтижелері және комиссияның оң шешімінің болуы талап етіледі. Жобаға мына санаттағы азаматтар қатыса алады:

- 29 жасқа дейінгі жастар;
- Әлеуметтік аз қамтылған отбасы мүшелері, яғни атаулы әлеуметтік көмек алушылар;
- Көпбалалы отбасы жағдайы бойынша жәрдемақы алушылар;
- Қандастар мен қоныс аударушылар;
- Мүгедек бала тәрбиелеп отырған тұлғалар;
- Еңбекке қабілетті мүгедектігі бар адамдар;
- Асыраушысынан айырылғанына байланысты әлеуметтік жәрдемақы алушылар.

# БАҒА НАРҚЫ ҚАНДАЙ?

10.08.2022 ELORDA.INFO

**ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР ТАУАРЛАР ТІЗБЕСІ**

| | «Асталық» базар | «Әлем» базары | «Шапағат» базары | Көк базар (Шанхай) |
|---|---|---|---|---|
| Бірінші сортты бидай ұны | 335 | 260 | 230 | 200 |
| Бірінші сортты ұннан пісірілген нан | 150 | 90 | 100 | 120 |
| Макарон өнімдері | 450 | 230 | 360 | 350 |
| Қарақұмық жармасы | 680 | 520 | 555 | 600 |
| Тазартылған күріш | 480 | 405 | 410 | 420 |
| Картоп | 250 | 240 | 220 | 200 |
| Сәбіз | 300 | 222 | 190 | 180 |
| Пияз | 330 | 320 | 320 | 250 |
| Қырыққабат | 200 | 90 | 130 | 100 |
| Қант | 850 | 470 | 650 | 700 |
| Күнбағыс майы | 900 | 780 | 910 | 750 |
| Сиыр еті | 2750 | 2550 | 2400 | 2500 |
| Тауық еті | 1700 | 1300 | 1300 | 1150 |
| Пастерленген сүт | 540 | 305 | 295 | 350 |
| Айран | 350 | 305 | 310 | 310 |
| Сары май | 420 | 605 | 3000 | 850 |
| Тауық жұмыртқасы | 46 | 46 | 40 | 120 |
| Ас тұзы | 80 | 52 | 80 | 60 |
| Сүзбе | 950 | 843 | 1185 | 900 |

# БАЛАҢЫЗ МЕКТЕПКЕ ДАЙЫН БА?

Балаларын мектепке сақадай сай етіп даярлау – ата-ана үшін жауапты іс. Бірі қалтасына қарай көсілсе, енді бірі өз қалауына қарай дайындалады. Сатып алушылар баға қалтаны қағатынын айтады. Әсіресе мектепке бірнеше баласы баратындарға қиын. Кеңсе тауарлары да қымбаттаған. Сөмкелерге де баға әртүрлі. Ата-ана мүмкіндігіне қарай алып жатыр. Сатушылардың айтуынша, бір баланы мектепке дайындау үшін биыл орташа есеппен кем дегенде 50-60 мың теңге (былтыр 30-40 мың теңге) керек екенін айтады.

**Гүлшат САПАРҚЫЗЫ**



### АТА-АНАНЫҢ ЖАНАЙҚАЙЫ

«Біз осы жылы 3 баланы мектепке жібереміз. Осы үш балаға бір қабат қана киім алуға жаз бойы тірнектеп жинаған ақшамыз жетпей қалды» деп жазады астаналық Бердібек Хабай өзінің Facebook парақшасында. «Мысалы, сөмкенің ең арзаны – 8000 теңге×3, аяқ киімнің ең арзаны – 9000 теңге×3, ұлға костюмның ең арзаны – 22000 теңге шамасында. Дәптер, қалам, қарындаш, сызғыш, өшіргіш, бояу, т. б. ұсақ-түйекке бақандай 32000 теңге кетті. 9-сынып пен 2-сыныпқа баратын қыздарыма ең қажет киіміне, дене шынықтыруға киетін киімі мен аяқ киіміне 58000 теңге кетті. Сонымен қойшы, 200000 теңге ақшамыз барлығына жетпей, томсырайып үйге келдік. Балаларға тіпті балмұздақ та алып бере алмай қалдық қой. Рас айтамын. Енді отырмын, күз келеді, тағы аяқ киім, жылы күздік киім керек. Сосын қылышын сүйретіп қыс келеді, онда не боламыз деп... Жаратқан сабыр берсін дейміз, не дейміз?!» дейді ол.

### БАЗАРДАҒЫ БАҒА ҚАНДАЙ?

Мектеп формасы мен оқу құралдарының бағасын білмекке «Астаналық базар» сауда үйі жанындағы ашық алаңдағы мектеп жәрмеңкесіне барған болатынбыз. Киімнің сапасына қарай бағасы белгіленген. Мәселен, қыз балаға форма 5500 теңгеден жоғары, фартуктің бағасы – 2000-2500 теңге аралығында (былтыр 1500 теңге). Ұл балалар костюмінің бағасы – 20000 теңге (былтыр 8000-10000 теңге). Жейделердің бағасы – 4500 аралығында (былтыр 2000-3500 теңге). Ал галстуктер 1000 теңгеден (былтыр 400-600 теңге) басталады. Спорт костюмдерін 4 мыңнан 9 мың теңгеге дейін алуға болады. Кеңсе тауарлары біраз қымбаттаған: күнделіктің бағасы былтыр 350 теңге болса, биыл 700 теңге. 1 дәптер 40 теңгеден (бұрын 10 теңге), бір жерден барлық кеңсе тауарларын, оқу құралдарын алатын болса, жеңілдік жасап, дәптерді 30 теңгеден алуға болады. Сөмкелер былтыр 3500-ден басталатын, биыл 5000-нан бастап алуға болады. Ресейдің рюкзактары – 9-10 мың теңге аралығында. Бір оқушыға оқу құралдарын алу кемінде 30 мыңға түседі. Қыз бала 15 мың теңгеге киінсе, ұл бала 30 мыңға мектепке баруға дайын болады. Мұның бәрі – Бішкектен, Қытайдан келген тауарлар. Ал ресейлік, түркиялық киім бағасы бұдан әлдеқайда жоғары.

> Балалар жылында Оқу-ағарту министрлігі «Жалпыға міндетті білім беру» қоры аясында оқушыларға көрсетілетін материалдық көмек ережелеріне өзгеріс енгізді. Осының нәтижесінде әлеуметтік осал санатындағы 400 мыңнан астам баланы мектепке дайындау үшін мемлекет қаржылай қолдау көрсетеді

### ОҚУ ҚҰРАЛДАРЫ НЕГЕ ҚЫМБАТТАДЫ?

Отандық дүкендер сөрелерінде ұсынылған кеңсе тауарлары импортталады. Қазақстанға барлығы дерлік Ресейден, Қытайдан және Германиядан әкелінеді. Сонымен, баға валюта бағамының өзгеруіне байланысты.

«Қазақстанда біз күнделік пен дәптерді тек Шымкент пен Алматыда ғана шығара аламыз. Қалған кеңсе тауарын біз шығармаймыз. Бізде қалам мен қарындаш 50 пайызға қымбаттады. Жалпы бізде тауардың көпшілігі 50 пайызға қымбаттады» дейді кеңсе тауарлары дүкенінің сатушы-кассирі Арай Жамалова.

1-сынып оқушысында күнделіктен, дәптерден, қалам мен қарындаштан басқа сурет салу альбомы, акварельді бояулар, түрлі түсті қағаз, картон, қайшы, желім, сызғыш және дәптер мен кітапқа арналған мұқаба болуы тиіс – рюкзакты есептемегенде, барлығы орта есеппен 12 мың теңге тұрады.

Мектепке дайындық қызу жүріп жатыр. Өңірлерде біз бірнеше онлайн және офлайн дүкендердің терезелерін, сондай-ақ базарларды зерттеп, мектеп рюкзагы мен оның мазмұны қанша тұратынын білдік.

– Менің ойымша, соңғы жылдары баға үш есе өсті. 1-сыныпта 20 теңгеге сатып алған дәптерден байқауға болады, қазір олардың саны 45-ке жетті, – дейді мектеп оқушысының анасы Жанар Қалжанова.

### ҮКІМЕТТЕН ЖЕТКЕН ЖАҢАЛЫҚ

400 мыңнан астам баланы мектепке дайындау үшін мемлекет қаржылай қолдау көрсетеді. Бұл туралы жуырда Оқу-ағарту министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитеті төрағасының орынбасары Дулат Жекебаев мәлімдеді.

Балалар жылында Оқу-ағарту министрлігі «Жалпыға міндетті білім беру» қоры аясында оқушыларға көрсетілетін материалдық көмек ережелеріне өзгеріс енгізді. Осының нәтижесінде әлеуметтік осал санатындағы 400 мыңнан астам баланы мектепке дайындау үшін мемлекет қаржылай қолдау көрсетеді.

«Бұған дейін арнайы санаттағы балаларды мектепке дайындау үшін мемлекет есебінен бөлінетін қаражат мөлшері 17-40 мың теңге аралығында болатын. Таяуда бұл нормаға министрлік ұсынысы бойынша өзгеріс енгізілді. Енді ең төменгі көмек 37389 теңге болады. Сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың ұсынысымен көмек көрсету тетігіне өзгеріс енгізілді. Енді ақша ата-ананың шотына тікелей аударылады. Бұған дейін қажетті заттарды әкімдік сатып алатын. Сондықтан да тауардың көлеміне, сапасына байланысты мәселе туындайтын» деді Дулат Жекебаев.

Министрлік өкілінің мәліметінше, биыл атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылардың балаларына, сондай-ақ АӘК алмайтын, бірақ орташа табысы күнкөріс деңгейінен төмен отбасылардың балаларына материалдық көмек көрсетіледі.

«Оқу-ағарту министрлігінің өкілдері көпбалалы аналармен бірнеше рет кездесіп, әкімдіктермен бірлесе мәселелерді талқылады. Нәтижесінде әлеуметтік осал топқа жататын балаларға көмек көрсету ережелерін өзгерту үшін бастама көтерді. Негізгі қолдау шараларын әкімдіктер жүзеге асыратындықтан, биыл олар қаржылай көмек алатын барлық балаға 37389 теңге көлемінде қаражат бөледі. Бүгінгі таңда бұл сомадан да артық қаржы бөлетін жергілікті атқарушы органдар бар. Біз мұны тек құптаймыз. Қаражаттың ұлғаюы бұл көмекті алатын 418 мыңнан астам балаға оң әсер етеді» деді Балалардың құқықтарын қорғау комитеті төрағасының орынбасары.

Сондай-ақ Дулат Жекебаев жаңа оқу жылы қарсаңында жетімдер үйінің тәрбиеленушілері мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар және төтенше жағдайға тап болған оқушыларға да материалдық көмек көрсетілетінін жеткізді.

# КӨГІЛДІР ОТЫН ҚАРЖЫ ҮНЕМДЕЙДІ




Жаңа жылыту маусымында елордадағы туберкулезге қарсы диспансер, 6 балабақша, 7 мектеп, арнайы мектеп-интернат, «Шарапат» әлеуметтік қызмет көрсету орталығы және 1 колледж газға қосылады. Қазіргі кезде бұл нысандарда арнайы жөндеу жұмысы жүріп жатыр.

**Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ**

Жақында қалалық мәслихат депутаттары алдағы жылыту маусымында газбен жылытуға көшетін әлеуметтік нысандарды аралап, олардың жағдайымен жақынырақ танысып қайтты. Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының хатшысы Ерлан Каналимовтың айтуынша, әлеуметтік нысандардың газға ауысуы қаржыны 3,5 есе үнемдеуге мүмкінік береді.

«Салыстырмалы түрде айтар болсақ, өткен жылы аталмыш 16 нысанды дизель отынымен қамту үшін 1 млрд 400 млн теңге қажет болса, газға қосылғаннан кейін шығын тек 440 млн теңгені құрайды. Газдандырудың өзін-өзі ақтауы шамамен 2 жылда толығымен өтеледі. Алдағы уақытта мәслихаттың кезекті отырысында өзге әлеуметтік нысандарды газға қосу мәселесін қарастырамыз» деді Е.Каналимов.

Осыған орай, депутат Арайлым Құмаржанова да пікір білдіріп, Карталинская, 62 мекенжайында орналасқан №20 орта мектеп туралы айтып берді («Агроқалашық» ауданы).

«Мектептің автономиялық жылытудан газбен жылытуға көшуі тұрғындар үшін жақсы жаңалық болды. Мектеп аумағында орналасқан газ жабдықтарын қарап шықтық. Енді осы қаражат есебінен үнемделген қаржыны білім беру мекемесі мектептегі өзекті проблемаларды шешуге бағыттай алады» деді мәслихат депутаты.

Аталмыш мектептің және «Агроқалашықтың» барлық ауданындағы басты проблеманың бірі – балалар мен жастар үшін бос уақытын өткізетін орынның болмауы. Халық қалаулысы газға ауысудан үнемделген қаржыға осы ауданның балалары мен жастары үшін демалыс орталығын немесе дене шынықтыру-сауықтыру орталығын ашу қажет деп есептейді. Бұл тек балалардағы қажетсіз энергияны сыртқа шығару үшін ғана емес, бастысы, өскелең ұрпақ өкілдерінің бойына моральдық құндылықтарды қалыптастыру үшін қажет екенін атап өтті.

«Егер балалардың бойындағы күш-жігерді қазір дұрыс бағытқа жұмсамасақ, кейін өкініп қалуымыз әбден мүмкін» деді А.Құмаржанова.

Мәслихат депутаты Гүлжамал Жапарова газбен жылытудың басты артықшылығы жанармайдың бағасына байланысты екенін атап өтті.

> Елорда әкімдігі шаһарды табиғи газға көшіру жұмысын жалғастырып жатыр. Бүгінгі таңда қала бойынша **680** км-ден астам газ тарату желісі салынды, кварталішілік желілер тартылды. **14** мың абонент газға қол жеткізді, **6** мыңнан астам абонент техникалық шарт алды, сонымен қатар қаладағы барлық үйдің **25** пайыздан астамы, нақтырақ айтсақ, **3,6** мыңнан астам үй газға қосылды

– Біздің еліміздегі табиғи газ – өте арзан отын. Тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандарды газбен жылытуға көшудің артықшылығы көп, олардың бірі – жүйенің беріктігі, сенімділігі және экологиялық тазалығы. Елордадағы газбен жылытуға көшетін әлеуметтік нысандарды аралау барысында біз газ қазандығын басқарудың автоматтандырылған жүйесімен танысуға мүмкіндік алдық. Алдағы уақытта әлеуметтік сала объектілерін газбен жылытуға көшіру бойынша жұмыс жалғасады, – деді депутат.

Иә, елорда әкімдігі шаһарды табиғи газға көшіру жұмысын жалғастырып жатыр. Бүгінгі таңда қала бойынша 680 км-ден астам газ тарату желісі салынды, кварталішілік желілер тартылды. 14 мың абонент газға қол жеткізді, 6 мыңнан астам абонент техникалық шарт алды, сонымен қатар қаладағы барлық үйдің 25 пайыздан астамы, нақтырақ айтсақ, 3,6 мыңнан астам үй газға қосылды.

Үйіне газ келгелі от жағу машақатынан құтылған тұрғындар қуанышын жасыра алар емес. Бекжігіт Нұрқанұлы солардың қатарынан. Жасы ұлғайған сайын көмір тасып, күл шығарудан қиындық көрген зейнеткер биыл бұрынғыдай пеш жақпайтыны үшін қала билігіне ризашылығын жеткізді.

– Енді үйді табиғи газбен жылытамыз, тамақ пісіру үшін де газ сатып алмайтынымызды ойлап, қуанып жүрмін. Былтыр көмір қымбаттап кетті. Ағаш отын да арзан болған жоқ. Әкімдіктің арқасында біраз шаруамыз шешілді, енді көмір іздеп шаршамаймыз, – деді елордалық зейнеткер.

Бүгінде Сарыарқа және Алматы аудандары толығымен газдандырылды. Қала әкімінің мәлімдеуінше, қазіргі кезде Байқоңыр мен Есіл ауданында, атап айтсақ, «Ильинка», «Үркер», «Өндіріс», «Пригородный», «Телман» елді мекендері, сол сияқты «Family Village», «Garden Village» шағын аудандарында газ құбырының құрылысы басталды. Ал «Шұбар» шағын ауданында жобалау жұмысы жүріп жатыр.

Бұл ретте қала билігі бірқатар жеңілдік қарастырып отыр. Мәселен, мұқтаж жандардың газға қосылуына әлеуметтік көмек бөлінеді. Бұған дейін айтылғандай, әлеуметтік көмектің мөлшері өтініш берушінің газ жабдығын жеткізуге және орнатуға байланысты 130 АЕК-ке дейін, яғни 413400 теңгеге ұлғайды. Сондай-ақ елордалықтардың бәріне тегін негізде есептеуіш берілуде.

Қала тұрғындарының өтінішін ескере отырып, өз үйін газға қосу үшін жиналатын құжаттар тізімі 2 есеге қысқарды. Бұрын құжаттарды жинауға 6 айға дейін уақыт кететін. Бұл шара Мемлекет басшысының «Мемлекеттік аппараттың қызметін бюрократиясыздандыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығы аясында қабылданды.



# ЕКПЕ ТИІМДІЛІГІНЕ КӨЗ ЖЕТТІ МЕ?

Әдетте барлық инфекциялық аурулар күз бен көктемде күшейеді. Ал коронавирусқа келсек, соңғы үш жылда мамандар дерттің асқынуын бақылау кезінде коронавирустың ең қатты өршуі, яғни аурушаңдықтың шыңына жететін кезең шілде-тамыз айы екенін байқады. Қазір сол кезеңнің тұсында болғандықтан, вирус жұқтырушылар көбейіп отыр. Дегенмен вакцинация күшімен ковидтен келетін өлім-жітім азайып, ауру жеңіл түрде өтуде. Оның үстіне қалада әр емханада салауатты өмір салты дәрігерлері халықпен түсіндіру жұмысын жиі жүргізіп, азаматтарға әлі де беймәлім тұсы көп жаңа дерт туралы ақпарат береді.



Былтыр ғана жаңадан ашылған елордадағы №14 қалалық емхананың сондай дәрігері Айнагүл Төлегенова шілде-тамыз айында аурудың көбею себебінде ешқандай құпия жоқ екенін айтты.

– Коронавирустың ең күш алатын «мықты» жері – адамдар көп шоғырланған орта. Ал жаз айларында жаппай еңбек демалысына шығатындардың әрі-бері қозғалысы жиілеп, ауру күшейеді. Коронавирус жаңа инфекция болғандықтан ақпарат аз, содан болар халық арасында жалған ақпарат, бұрмаланған дерек көп. Осы орайда мамандардың міндеті – нақты дәлелденген, дұрыс ақпарат беру, түсіндіру, ақпараттық-ағартушылық жұмыс жүргізу. Жұмыс жоспарым бар, соған сәйкес аптасына екі рет дәрігер қабылдауына келіп, дәлізде кезегін күтіп отырған тұрғындар жай отырмасын деп ауру туралы түсіндіремін. Брошюра, буклет таратамын, – дейді А.Төлегенова.

Он жылдан бері медицинада ғылым саласында жүрген дәрігер барлық әріптесі секілді әлемде халықаралық деңгейде қолданылатын ғылыми сайттардың деректеріне сүйене отырып, ағартушылық жұмысын жүргізеді. Ғылыми дәлелденген ақпараттар алуға болатын PubMed, Medline, Scopus деген базалар мен сайттарды қазақстандық медицина қызметкерлері де аудармамен пайдаланады.

– Жалпы кез келген инфекциялық аурудың спецификалық және спецификалық емес алдын алу шаралары болады. Спецификалық түріне осы вакцина жатады. Екі жарым жылдан бері әлем халқы арпалысып келе жатқан коронавирус инфекциясына қарсы екпе шықты. Басында қалай емдеуді білмей, қанша адамнан айырылдық. Ал былтырдан бері вакцинацияның арқасында бірінші жылмен салыстырғанда өлім-жітімді азайттық. Ел болып екпе салдырудың нәтижесінде қазір бізде ұжымдық иммунитет қалыптасты. Осылай иммунитет қалыптаса келе, коронавирус та кәдімгі тұмау сияқты болып қалады, – дейді дәрігер.

Емхана дәлізінде түсіндіру жұмысын жүргізген дәрігерге тақырыпқа қарай сұрақ қоюшылар табылмады. Жеңіс даңғылының ескі теміржол вокзал жаққа қарайғы тұсында орналасқан емханаға бүгінде 28 мыңнан астам адам ғана тіркелген болса, солардың көбі – егде жастағылар. Дәрігер қабылдауына келгендер арасында да солар көп. Селқос отырған бір-екеуін сөзге тартқанымда, бірі екпе алмағанын, алмайтынын, екіншісі алса да, ауырып қалғанын айтты. Дегенмен оларға түсіндіру жұмысын жүргізетін дәрігер коронавирусқа қарсы екпені 60 жастан жоғары азаматтар көп алатынын жеткізді.

– Вакцина алғаннан кейін 100 пайыз ауырмайтыныңызға кепілдік берілмейді. Жеңіл өтетінін айтып келеміз. Иммунитеттің өзі жасанды және туа пайда болған деп бөлінеді. Туа пайда болатын иммунитетті генотипке байланысты және ана сүті арқылы дайын антиденелерден аламыз. Ол – иммунитетіміздің негізі. Әрі қарай адам өмір сүре келе түрлі инфекцияларға шалдығып, ауырғанда оған жасанды иммунитет – вакцина салынады. Соның нәтижесінде антиденелер түзіледі, – дейді маман.

Вакцина алмас бұрын адам өз-өзін бақылауы керек, яғни еш жері ауырмай, қызуы болмай, әлсіз, жайсыз сезінбей тұрса ғана екпе алып, болмаса вакцинаны кейінге шегере тұрғаны дұрыс. Өйткені ауырып тұрғанда салынған екпе ағзадағы инфекцияның асқынуына әкелуі мүмкін. Егу пункттерінде вакцинация алу алғышарты бар: екпе салмас бұрын дәрігер пациенттің дене қызуын, сатурациясын және қысымын өлшеуі керек, оның жалпы жағдайын бақылап, созылмалы аурулардың және препараттарға аллергиялық әсерінің болуын және екпе алатын адамның вакцинацияға психологиялық дайындығын тексеруі қажет. Адам екпеден бас тартса да, келісімін берсе де, оның шешімі құжатпен ресімделеді. Вакцинациядан бас тартқаны үшін әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік қарастырылмаған.

Дәрігердің алдына келіп тұрған соң «алдағы уақытта ревакцинациядан тағы қайталап өте береміз бе?» деп сұрадым. Айнагүл Төлегенова бәрі вирустың түрленуіне байланысты екенін, ал әзірге ревакцинациядан бір рет өткеннен кейін екпені қайта салу туралы айтылмағанын жеткізіп жауап берді. Ревакцинация алатындарға қазір қалада Sinopharm және QazVac екпелері, ал жүкті әйелдер мен балалар үшін Pfizer вакцинасы салынып жатыр.

– Аурудың қалай таралуына және өлім-жітімнің көбеюіне байланысты алдағы уақытта қайта екпе алу жайы белгілі болады. Негізі, ағзадағы антиденелер азайып қалатындықтан, оларды жаңарту керек. Антиденелер ағзаға түскен вируспен күресетін «жауынгер» десе болады. Ал кері әсері мың адамның ішінде біреуінде ғана кездесуі мүмкін. Оның өзі науқастың екпе алған сәттегі жағдайына байланысты болады, – деді дәрігер.

«Жүкті және бала емізетін әйелдер Pfizer екпесі туралы не білуі керек?» деген брошюра таратқан дәрігер оның мағынасын пациенттерге түсіндіріп беруге тырысты. Бұл екпе елордада жүктіліктің 16-37 аптасында жүрген әйелдерге және босанғаннан кейін 42 күн өткен бала емізетін аналар үшін қолжетімді.

Оның айтуынша, қазір қалада коронавирустың «омикрон» штамы көп кездеседі. Ал әлемде «кентавр» деген жаңа түрі пайда болыпты. Дәрігерлер вирусты бактерияларға қарағанда қитұрқылау деп айтады. Себебі ол адам ағзасына кіріп, РНҚ, ДНҚ деңгейінде мутацияға ұшырап, күшейеді. Өзіне жаңадан қасиет алады да, қайта басқа адамға енгенде күштірек түріне айналуы мүмкін.

Бетті дайындаған **Райхан РАХМЕТОВА**

# АНА СҮТІНЕ ЖЕТЕР ЕШТЕҢЕ ЖОҚ

Қазақта «уызына жарымаған» деген сөз бар. Ағзаға қажет құнарлы заттың бәрі ана сүтінде болатынын білген халқымыз баланы үш жасқа дейін емізген. Алайда қазір бойындағы барын баласынан беруден қашатын аналар 1 жасқа жетпей сәбиіне жасанды қоспалар беруге асығады. Осыған орай, ДДҰ 1990 жылдан бері жыл сайын әлемде 1-7 тамыз аралығында «Ана сүтімен емізуді қолдау» апталығын өткізеді.



Аталған апталық елорданың барлық емханасында өтті. Соның аясында емшек сүтінің тек балаға ғана емес, емізетін әйелге де орасан зор пайдасы туралы жас аналарға түсіндіріліп, арнайы стендтер ілінді. №3 көпбейінді қалалық аурухананың «Ана мен бала» бөлімшесінің аға неонатолог дәрігері Айгүл Оңғарбекованың айтуынша, сүт қоспаларында болмайтын 400 түрлі коректік зат ана сүтінде ғана кездеседі. Мысалы, сиыр сүтіне қарағанда емшек сүтінде балаға ең керекті А, Е, Д дәрумені көп. Ана сүтінің құрамында ақуыз, май, түрлі витамин, гормондар, темір, көмірсутек, үнемі жеткілікті су, минералды тұз, кальций, фосфат, өмірге керекті микроэлементтер – селен, мыс, мырыш, молибден, магний, марганец көп болады.

– Емшек сүті баланың ішегінде патогенді бактериялардың таралуына жол бермей, пайдалы микроорганизмдердің қалыптасуына жағдай жасайды. Ұзақ уақыт емшек емген балалар болашақта гипертониялық аурумен, атеросклерозбен, қант диабетімен сирек ауырады. Ана сүті ми тіндерінің дамуын қамтамасыз ететін және қалыпты интеллект қалыптастыратын, май қышқылдарына қанықпаған тауринге бай келеді, – дейді дәрігер.

# ЖОЛДАМА ҚАЙ КЕЗДЕ ҚАЖЕТ ЕМЕС?

Әдетте белгілі бір ауру бойынша салалық дәрігерге бару үшін алдымен учаскелік дәрігерден жолдама алу қажет етіледі. Дегенмен мамандар бұл жолдама керек болмайтын жағдайлар да кездесетінін айтады.

Нұр-Сұлтан қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының бас маманы Ақтоты Елтизарованың айтуынша, егер салалық дәрігер науқастың диагнозын нақтылау үшін оны қосымша зертханалық-аспаптық зерттеулерге және басқа да мамандардың консультациясына жібергеннен соң науқас салалық дәрігерге қайта қаралуы керек болса, жолдама қажет етілмейді.

– Сонымен қатар жарақаттың кез келген түріне шалдықса, соның ішінде офтальмологиялық, отоларингологиялық жарақат алғаннан кейін келсе, шұғыл немесе жоспарлы стоматологиялық көмекке жүгінсе, пациент дерматовенерологиялық аурулар бойынша салалық маманға жүгінер болса, жолдама керек емес, – дейді А.Елтизарова.

Бұған қоса, жылжымалы медициналық кешендермен және пойыздармен қызмет көрсету кезінде пациент жастар денсаулық орталығына өз бетінше жүгінгенде, тұрғылықты жері бойынша акушер-гинекологқа немесе психологқа қаралар болса, өзі диспансерлік есепте тұрған салалық маманға белгіленген тәртіппен және мерзімімен қаралар болса да жолдама қажет болмайды.

# «ОМИКРОН-НИНДЗЯ» ТҮРІ АНЫҚТАЛДЫ

Беларусияда коронавирустың жаңа штамы табылды. Ол «омикрон-ниндзя» деп аталады. Бірінші жұқтырған адам – Минскіде, екіншісі – Витебскіде. Екі жағдай да зертханалық түрде расталды. Науқастар вирусты жеңіл түрде өткеруде.

«Омикрон-ниндзя» ағзаға тез еніп, иммунитетті әлсіретеді және антиденелерді елемейді. Оны жұқтырған науқас 12 адамға жұқтыруы мүмкін. Бұл басқа штамдарға қарағанда екі есе көп. «Омикронның» жаңа кіші түрі – Оңтүстік Африкадан мутацияланған вирустың бесінші желісі. Қазір бұл штамм АҚШ пен Батыс Еуропада кең таралған.

«Бұл, негізінен, тұрақты түрде мутацияға ұшырайтын «омикрон». Сондықтан біз клиникалық жағынан қиындық пен аурудың өтуі бойынша ауырлығы болады деп ойламаймыз» деді Беларусьтің бас мемлекеттік санитарлық дәрігері.



№94 (4372) 11/08/2022 Бейсенбі



# ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕГІ ӘЛІМЖЕТТІК

## БАЛАЛАР САНАСЫН УЛАП, БОЛАШАҒЫНА ҚАУІП ТӨНДІРМЕСІН

Қазір ғаламторсыз, әлеуметтік желісіз өмірімізді елестете алмаймыз. Өзіміз де, балаларымыз да заманның ағымымен телефонсыз күнімізді жоқтай сезінетініміз рас. Соны пайдаланған алаяқтардың, қылмыскерлердің де жолы оңынан болып тұр. Біздің елімізде заңмен қорғалатын жеке және іскерлік сипаттағы ақпаратты қорғау оңай емес, ақпараттық қауіпсіздік мәселесі қиын. Әсіресе балалардың әлеуметтік желідегі қауіпсіздігі өте өзекті.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

Кибербуллинг құрбандары Қазақстанда күннен-күнге көбейіп барады. Еліміздегі 11-15 жас аралығындағы әрбір бесінші жеткіншек кибербуллингтің құрбанына айналады екен. Ғаламторда отырған баланың жеке басына тиісу, түр-тұлғасын кемсітіп, ар-намысын қорлау, аяққа таптау, одан қалды қарғап-сілеудің салдары одан да қорқынышты. Рас, бұрын-соңды еліміздің заңнамасында «кибербуллинг» термині болған жоқ. Бұған дейін әлеуметтік желіде адамды балағаттау, психологиялық қысым көрсету, түрлі сөздер арқылы өлімге итермелеу Қылмыстық кодекс негізінде қаралады. Яғни осы кодекстің 105-бабы «Өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу» бойынша кәмелетке толмаған адамға қатысты жасалған іс-әрекеттер үшін үш жылдан сегіз жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы қолданылады.

Кибербуллинг – адамды интернетте, әлеуметтік желі мен түрлі мессенджерлерде қорқытып, зорлық көрсету. Кибербуллингке кез келген адам тап болуы мүмкін. Бірақ бұл тәсілмен шабуыл жасайтындар, негізінен, кәмелет жасына толмаған мектеп оқушыларын нысанаға алады. Өйткені қорғансыз балалар қорыққанынан өзіне қысым жасалып жатқаны туралы ешкімге айтпайды. Тіпті ата-анасы мен жақындарына тіс жармай, шабуылшының айтқанынан шықпайды.

Кибербуллинг жасайтындардың арасында педофилдер көп кездеседі. Олар балаларды алдап-арбап, желіге жалаңаш түскен видео не суретін салуға көндіреді. Кейін сол суретті жұртқа жария етемін деп қоқан-лоқы жасау арқылы кездесуге шақырады не ақша бопсалайды. Ал қысымға шыдамай, шарасыз күйге түскендері көп жағдайда өзіне қол салады. Сарапшылардың сөзінше, кибербуллинг қазір бүкіл әлемдегі өте өзекті проблемаға айналған. Өкініштісі, Қазақстанда да кибербуллингке ұшыраған балалар аз емес.

БҰҰ адам құқықтары жөніндегі тренері, әлеуметтанушы Халида Әжіғұлованың айтуынша, балаларды ғаламторлық қысымнан қорғайтын заң 21 елде бар. Ал Қазақстанда кибербуллингтің құрбандары туралы ешкім статистика жүргізбейді. Сондықтан мамандар Ұлыбритания мен Ресей тәжірибесінің негізінде буллингтен қорғану туралы кодекстің үлгісін әзірлеген. Онда тек виртуалды кеңістікте ғана емес, жалпы зомбылық көрген балаларға көмектесу жолдары туралы ата-ана мен ұстаздарға нұсқаулар жазылған. Қалалық Білім басқармасы мен барша мектеп ұжымы осы бағдарламаны жетілдіріп, бекітуі тиіс. Сөйтіп балаларды бопсалау мен қысымнан қорғап, аман алып қалуға болады.

– Егер ұстаздар оқушының мінез-құлқында қандай да бір өзгеріс барын байқаса, оны мұқият бақылауға алуы қажет. Ал кибершабуылға ұшырағанын немесе жоғары сынып оқушыларынан теперіш көргенін анықтаса, жасырмай, мектеп директоры мен ата-ананы да дереу хабардар етуі тиіс. Әрі қарай бұл «құрықтан» баланы құтқарудың жолдарын іздеуі керек. Егер мектеп ұжымының оқушыны тығырықтан шығаруға шамасы жетпесе, арнайы мамандардың көмегіне жүгінгені жөн. Кейін болған жайтты журналға тіркеп, оқушының мінезіндегі өзгерісті тағы бір ай бойы бақылауы қажет, – дейді ол.

«Егер бала проблемасын айтып келсе, оны бас салып кінәлап, ұрысудың қажеті жоқ. Телефонды да бірден тартып алып, ғаламторға шектеу қоймау керек. Мұндай жағдайда бала ата-анасынан көңілі қалып, екінші мәселесін айтпайтын болады. Әке-шешелері балаларымен байыппен сөйлесіп, олардың еш кінәсінің жоғын түсіндіруі керек. Қамқорлықты сезінген баланың сенімі оянып, тығырықтан шығатынына сенеді. Бізде көп ата-ана балаларымен сөйлеспейді, оларды не мазалап жүргенін байқай бермейді. Ал білген кезде кеш болуы мүмкін» деді әлеуметтанушы Халида Әжіғұлова.

Ал Қазақстан интернет қауымдастығының президенті Шавкат Сабировтың айтуынша, балаларға қатысты зорлық-зомбылықпен күресуде мектепаралық бағдарлама қабылдау жеткіліксіз. Ол үшін ұлттық бағдарлама қабылдау қажет. Оның сөзінше, көптеген мемлекетте балаларды қорғайтын осындай бағдарламалар бар.

Кибербуллингке ұшыраған бала психологиялық күйзеліске ұшырайды, мінезі өзгереді, жаны ауырып, ар-намысы тапталған бала қорғансыз болып, өз-өзіне қол салуға (суицид) дейін барады. Ата-ана мен мұғалімдер мұндай жайтты байқаса, бірден балаға көмектесуі керек. Қысым көрген балалардың белгілері – мектепке барғысы келмейді, сабақ оқуға зауқы болмайды және үй тапсырмасын нашар орындайды, көңіл күйі түсіп жүреді, үнемі уайымдайды және өзіне сенімсіз болады, ешкіммен әңгімелесуге зауқы соқпайды және оқшау жүреді, түнде дұрыс ұйықтамайды және шошып оянады, жиі ақша сұрайды не ұрлық жасайды, телефонына хабарлама келсе, ашуланады.

Жыныстық кибербуллинг өте қауіпті. Интернетте балалар порнографиясымен айналысатын арнайы деструктивті топтар бар көрінеді. Ал ғаламторда отырған баланың мұндай контентті өз бетінше IP-адресті анықтап, бұғаттауы қиын. Яғни мұндай қауіппен жеткіншек жалғыз өзі күресе алмайды. Егер кез келген ата-ана осындай заң бар екенін білсе, заң талаптары бойынша өз құқығын талап ете алса, баласын әлеуметтік желідегі кибербуллингтен қорғай алады. Заң арқылы бұл қауіпке қарсы тұра алса, бұл да үлкен жетістік болар еді.

«Қандай жағдай болсын баланың құқығын біз ең бірінші қоюымыз керек» дейді «Сенімен болашақ» республикалық ата-аналар қоғамдық бірлестігінің төрағасы Рақымбек ЖОЛАЕВ.

Психолог маман кибербуллингтің құрбанына айналған баланың көп жағдайда не істеу қажеттігін, кімге, нені қалай жеткізу керектігін білмейтінін де ашық айтты. Бір сөзбен айтқанда, жеткіншек өз құқығын қорғауды білмейді. Екінші мәселе – балалардың қандай құқығы бар екенінен ата-ана да бейхабар. Егер бұл мәселеге мемлекеттік деңгейде араласпаса, кибербуллинг дерті індетке айналып кетеді.

Қалалық Білім басқармасының берген деректеріне қарағанда, Ішкі саясат басқармасы және ата-аналар қауымдастығының араласуымен үй жағдайында сүзгілерді орнату бойынша жұмыс жүргізілуде.

Қанатқақты режимде ұйымдарда «ата-аналар клубы» қоғамдық диалог алаңы жұмыс істейді. Клуб мүшелерінің саны 140 адамды құрайды. Клуб жұмысын дамыту мақсатында ағымдағы жылы «Жанұя» отбасы институтын қолдау орталығымен бірлескен жұмыс туралы келісімге қол қойылды.

> Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің мәліметінше, өткен жылы ел аумағында кибербуллингке қатысы бар 10 мыңнан астам материалға шектеу қойылса, уәкілетті органның ұсынымымен интернеттегі 222400-ден астам құқыққа қарсы материал жойылған

Клуб жұмысы аясында балалар, мұғалімдер және ата-ана үшін түрлі тақырыпта вебинар өтеді. Жұмыс барысында балалар, ата-ана мен мұғалімдер үшін арнайы жасалған «Балаларға қамқорлық жасау», «Тағдырдың күзетшілері», «Қорқыныш туралы алаңдаушылықты қалай жеңуге болады?», «Өз сезімің мен эмоцияңды қалай тануға және білдіруге болады?», «Жақсы көңіл күй құпиялары», «Мазасыздық», «Буллинг», «Кибербуллинг», «Мақсат қою және оған қол жеткізу», «Жанжалды жағдай. Өзін қалай ұстау керек?», «Интернет: шындық пен қауіпсіздікте қалай қалуға болады?», «Интернетке тәуелділік», «Өзіңізді қылмыстан қалай қорғауға болады?» және т. б.

Балаларды өзін-өзі реттеу дағдыларына үйрету және мектеп базасында қанатқақты режимде жанжалдарды бейбіт жолмен шешу мақсатында №6, 20, 29, 31, 35, 36, 37, 41, 67, 68, 69, 72 ХҚКК «татуласу мектебі: теңімен» мектеп медиациясын дамыту жобасын іске асыруда.

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Астана дарыны» дарындылықты дамыту және психологиялық сүйемелдеу орталығында психологиялық сүйемелдеу бөлімі жұмыс істейді. Оның ішінде білім беру ұйымдарының психологиялық қызметінің қызметіне жетекшілік ететін және педагог-психологтарға әдістемелік көмек көрсететін әдіскер-психологтар жұмыс істейді.

Құқық бұзушылық жасаған балалар мен отбасыларды психологиялық сүйемелдеуді ұйымдастыру, өмірлік қиын жағдайда жүрген балаларды психологиялық қолдауды қамтамасыз ету үшін 2021 жылғы желтоқсаннан бастап өмірлік қиын жағдайға тап болған отбасыларымен жұмыс бойынша «психологиялық сүйемелдеу қызметі» жобасын іске асыру басталды.

Ағымдағы жылдың 7 айында психологиялық сүйемелдеу қызметінің мамандары 86 шығу жұмысы, отбасындағы жағдайға бастапқы және мониторингтік бағалау жүргізді, заңгерлермен 111 кеңес және 22 шығу, әлеуметтік қызметкерлер 55 кеңес, психологтар 121 жеке және топтық кеңес, сондай-ақ сұрау салу бойынша психологтар 14 шығу жұмысын жүргізді. Қазіргі уақытта 16 отбасы сүйемелдеуге алынған, оның ішінде 22 ересек адам және 35 бала бар.

Барлық мектеп пен колледжде сенім және шұғыл көмек телефоны бар. Сенім және психологиялық көмек телефондары: 111; 150; 8-800-2000-112; +7 (7172) 54-76-03 күн сайын, тәулік бойы жұмыс істейді. Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің сенім телефоны (Нұр-Сұлтан қаласы бойынша) +7 (7172) 74-25-28.

Бүгінде қаланың білім беру ұйымдарында «BalaQorgau» веб-сайтының жобасы бойынша QR-коды бар ақпараттық тақтайшалар бойынша педагогтар, оқушылар және ата-ана арасында түсіндіру жұмысы жүргізілуде.

Балалар мен олардың ата-анасы сайтқа тақтайшадан QR-кодты сканерлеп, қажетті көмек туралы хабарлап, балалардың құқықтарын қамтамасыз ету мәселелері бойынша мамандардан консультация ала алады. Өмірлік қиын жағдайға тап болған балалар мен отбасылардың өтініші тәулік бойы қабылданады және қаралады. Әрбір жағдай барлық мән-жай анықталғанға және жағдай толық шешілгенге дейін бақылауда болады.

– Мысалы, бір бала өзін мықты көрсеткісі келуі мүмкін. Сөйтіп ол екінші балаға үстемдік көрсеткісі келіп, жақтастарын жинап, балаға «бойкот» жариялап, күш көрсетеді, яғни мектептегі буллинг ол белгілі бір балаға бағытталады. Ол агрессия, қорқыту, мәжбүрлеу белгілері арқылы көрініс тауып жатады. Тіпті кейде мұғалімдер тарапынан жасырын түрде қорлау көрсеткен балалар жазалау түрінде буллингке ұшырауы мүмкін. Мектепте осындай кикілжіңге түскен балалар болса, мысалы, намысына тиетін сөздерді айтып жатқан балаларды ұстаздары байқап қалса, жеке түсіндіру жұмысын жүргізуге тырысып жатады. Тәрбие сабағында ата-анасына, баласының басқа бір балаға әлімжеттік көрсеткенін ескертеді, – дейді Нұр-Сұлтан қаласы Міржақып Дулатұлы атындағы №68 мектеп-гимназиясының педагог-психологы Райгүл Сайлаубаева.

**Анықтама үшін:** Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің мәліметінше, өткен жылы ел аумағында кибербуллингке қатысы бар 10 мыңнан астам материалға шектеу қойылса, уәкілетті органның ұсынымымен интернеттегі 222400-ден астам құқыққа қарсы материал жойылған.

Бір тәулік ішінде әлеуметтік желілердегі контентті жоюды немесе бұғаттауды талап ететін заң Германия, Франция, Жаңа Зеландия, АҚШ секілді бірқатар дамыған елде қабылданған. Мәселен, АҚШ-тың 40-тан астам штатында кибербуллингке қолданылатын қылмыстық жаза өте қатаң. Сингапур, Оңтүстік Корея, Ресей мен Түркияда да осы әлеуметтік желі жөніндегі заңдарын қайта қарастырып, кибербуллингке қатысты жазаны күшейтіп жатыр. Ал біздің елімізде уәкілетті орган өз қалауы бойынша интернет-ресурстарға, әлеуметтік желілер мен мессенджерлерге шектеу қойып не жұмысын тоқтата алмайды. Сенат бұл құзыретті алып тастады. Оның орнына кибербуллинг фактілері туралы арыз-шағымдарды қарайтын сарапшылар комиссиясы құрылады. Комиссия тек балаға қатысты кибербуллинг деп танылған ақпараттарды ғана жоятынын баса айтты.

Қоғамда қызу талқыланған заң жобасын көктемде Парламент мақұлдап, биыл 5 мамырда ҚР Президенті «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғау, білім беру, ақпарат және ақпараттандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының заңына қол қойды. Заңда әлеуметтік желілер мен мессенджерлер «заңды өкілдерін» тағайындауға, сонымен қатар уәкілетті органның, яғни Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі талап еткен кез келген контентті 24 сағаттың ішінде өшіруге міндеттеледі. Егер әлеуметтік желі уәкілетті орган талабын орындамаса, министрлік желінің «Қазақстан аумағында жұмысын шектеуге» құқылы. Заңда бұл түзету «БАҚ саласындағы уәкілетті орган шетелдік онлайн платформадан Қазақстан заңдарының талаптарын бұзатын ақпаратты жою не оның ел аумағында таратылуына шектеу қою жөнінде шаралар қолдану арқылы жиырма төрт сағат ішінде орындауға міндетті» деп көрсетілген. Бұл талап «Байланыс туралы» заңның 41-1-бабының 1, 1-1 және 1-2-тармағында көрсетілген нормаларды орындамауға туындайды. Ал 41-бапта «жеке адамның, қоғамның және мемлекеттің мүдделеріне нұқсан келтіретін қылмыстық мақсаттарға, сондай-ақ кәмелетке толмағандарды сексуалдық қанауды және балалар порнографиясын насихаттайтын ақпаратты таратқан байланыс желілерінің жәнe (немесе) құралдарының жұмысын, байланыс қызметтерінің көрсетілуін уақытша тоқтата тұру бойынша шаралар қабылдау туралы» жазылған. Бұл заң жобасы қоғамда көп резонанс тудырды, өйткені онда уәкілетті органға өз қалауы бойынша интернет-ресурстарға, әлеуметтік желілер мен мессенджерлерге қолжетімділікті шектеуге не болмаса жұмысын тоқтата тұруға мүмкіндік беретін нормалар қамтылған. Мәселе өте күрделі болғандықтан, жоба қазірге уақытта Үкіметте қаралуда.

Қайтсек кибербуллингтен баланы қорғап қала аламыз деген тақырып жаһандану заманында ең өзекті мәселенің бірі ретінде қала береді. Қазақтың табиғатына жат болғанмен, қауіп-қатері елді шарпыған бұл індеттен қалай да құтылудың жолын іздестіруіміз қажет. Ересектерді қойып, енді өркен жайған жеткіншектерімізге қол салған қылмыскерлерге, қорқау топтарға тыйым болуы керек, олар заң алдында жауап беруі тиіс. Тәуелсіз елде балаларымыз өзін барынша қауіпсіз сезінуі тиіс. Бұл – мемлекеттің мүддесі.

# ҚАЗАҚ ЖАЗУЫНЫҢ НЕГІЗІН САЛҒАН

Ахмет Байтұрсынұлы қазіргі қазақ жазуы және оның негізгі категориялары, яғни әліпбиі мен емлесі және графикасының пайда болып, дамып, жетілуі және дәстүрге айналуының ғылыми-теориялық және практикалық негіздемесін жасаған тұңғыш қазақ ғалымы. Ахмет Байтұрсынұлының оқу құралдары мен кітаптарынан басқа 200-ге тарта мақаласы бар. Соның 30-дан астамы қазақ жазуы мен емлесіне арналған.



Ең алдымен, Ахмет Байтұрсынұлы – қазіргі қазақ емлесінің басты заңдылығы болатын тіл үндесімін жазу арқылы бекіткен ғалым. Ғалым ерін үндесіміне қарағанда қазақ тілінде тіл үндесімі жетекші қызметте екенін пайымдап, лингвалды сингарманизмге жазуда доминанттық сипат береді. Сөйтіп, өзге түркі тілдері ішіндегі қазақ тілінің дыбыстық ерекшелігін анықтап, орнын айқындайды. Сөздің бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке айтылатыны басқа дыбыстық заңдылықтарға қарағанда жаппай қамтитын құбылыс екенін пайымдайды. Және ол жуан-жіңішкелікке «жетекшілік» ететін саны аз дауысты дыбыстар болады дейді. Осы белгілерді байқай отырып, ғалым 43 дыбысты мүмкіндігінше аз әріпке сыйдыруды қарастырады: «Дауысты дыбыстар сөздің жаны есебінде, дауыссыз дыбыстар һәм жарты дауысты дыбыстар сөздің тәні есебінде. Тәнді жан қандай билесе, дауысты дыбыстар басқа дыбыстарды сондай билейді. Яғни дауысты дыбыстар жуан айтылса, дауыссыз немесе жарты дауысты дыбыстар да солай айтылады. Дауысты дыбыстар жіңішке айтылса, басқа дыбыстар да жіңішке айтылады. Бұлай болғанда дауысты дыбыстардың жуан-жіңішке айтылмағын белгілеп айырсақ, басқа дыбыстардың да жуан-жіңішке айтылатындығы да айрылғаны. Дауысты дыбыстар а, о, ұ, ы осы тұрған күйінде жуан айтылады, мысалы: аз, оз, ұр, сары. Бұлардың жіңішке айтылатын орнын айыратын белгі аламыз.Ол – дәйекші (ʻ). Бұл белгі сөздің алдында дәйекшіге тұрып, ол сөздің жіңішке оқылмағын хабарландырады, яғни бұл белгі тұрған соң, сөздің ішіндегі дауысты дыбыстарды жіңішке айтамыз. Дауысты дыбыстар жіңішке айтылса, олардың қатарындағы басқа дауыссыз немесе жарты дауысты дыбыстар да жіңішке айтылады, мысалы: арман-әрмен, тор-төр, тұр-түр, жоны-жөні. Жіңішкелік үшін жалғыз ғана белгі алып, 43 түрлі дыбысты 25 белгімен дұрыстап жазуға болады».

А.Байтұрсынұлы алғаш реті әліпбиді қазақ тілінің басты – тіл үндесімі заңдылығына негіздеп берді. Осы негіз одан кейінгі қазақ жазуы қабылдаған барлық әліпби түрлеріне негіз болды: 28-29 жж. латын әліпбиі бойынша жасалған алғашқы қазақ алфавиттерінің барлығы дәйекші арқылы құрастырылған әліпбилер болды. Ал 1929 жылы дәйекшесіз алфавит қабылданып кеткенннен кейін де, мысалы, 1934 ж. жаңа жазуға өзгерту енгізу керектігі көтерілгенде, бірінші болып, профессор Қ.Жұбанов өзінің әліпби мен емле жобасын дәйекші қызметін пайдалану арқылы ұсынып еді. Ғалым қолданыстағы 34 әріпті дәйекшінің көмегімен 25 әріпке қысқартып, А.Байтұрсынұлының әліпбиін қабылдауды ұсынады.

А.Байтұрсынұлы қазақ тілі дыбыстарының негізгі үндесім заңын тіл үндесімі деп таныды. Ғалым зерттеуінде ерін үндестігі қосалқы, жанама құбылыс қатарында.

Осы арқылы (тіл үндестігі арқылы) А.Байтұрсынұлы қазақ тілі сингармонизмін қырғыз тілінің еріндік сингармонизмінен, татар тілінің жіңішке езулік (ә) сингармонизмінен айырып көрсеткенге ұқсайды дейді белгілі ғалым Н.Уәлиұлы.

Дегенмен, 1929 ж. 2-4 маусым аралығында өткен емле конференциясында Т.Шонанов емленің негізіне ең бірінші дыбыстардың ілгеріңді, кейінді ықпалы, тіл дыбыстарының диссимиляциясы және соңында дауысты дыбыстардың үндесімін алдық деп, флективті тілдердің фонемографиялық сипатына сүйенуді бастағанын көрсетеді. Яғни төте жазудан латын графикасына ауысу үндесім заңдылығынан тартынуға, аталған құбылысқа басқа қырынан қарауға болды-болмасын итермелеген деп ойлаймыз.

Екінші, Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ жазуының басты принципін анықтаған ғалым. А.Байтұрсынұлы жазудың негізі екеу (таңба негізді және әріп негізді), ал жүйесі төртеу (таңбаша, дағдыша, туысша, дыбысша) деп, жалпы жазу теориясының ортақ қағидаттарымен сәйкес айтқан. Мысалы, Л.В. Зиндер жазудың тегі семасиографиялық, идеографиялық және фонографиялық болып бөлінеді дейді. Ал таңба жүйелі емле, тарих жүйелі емле, туыс жүйелі емле, дыбыс жүйелі емле орфографиядағы тарихи принцип, этимологиялық принцип, морфологиялық, фонетикалық принциптерге сәйкес келеді.

Бүгінгі ағылшын жазуын дәстүрлі немесе тарихи принциппен жазылады дегеннен гөрі, әр сөздің жазылуын жаттауға тура келетін идеографиялық принципке жақындайды деген пікірлер де ғалымның осы көзқарасын растайды. Л.В. Щерба этимологиялық принцип деген морфеманы сақтап жазу, яғни морфологиялық принцип, бұл бір жағынан тарихи принципке жақын деген. Сонда таңба жүйелі емле (А.Б.) – тарихи принцип (Л.В. Зиндер), тарих жүйелі (А.Б.) – этимологиялық принцип (Л.В. Зиндер), туыс жүйелі (А.Б.) – морфологиялық (Л.В. Зиндер) принцип болып сәйкеседі.

Қазақ жазуының алғашқы кезеңі емле принципін айқындап алу қиындылығымен өлшенді десек, бұл шешуші міндетті ғалым «туыс жүйелі емленің де, дыбыс жүйелі емленің де түкпіріне қиналмай өтетін, екеуінің арасынан жол тауып беретін» төмендегі ұсыныстар арқылы шешкен:

1. Әрбір өз алдына түбірі бар сөз оңаша айтылғандағы естілуінше жазылу.

2. Азған сөз азған күйіндегі естілуінше жазылу.

3. Үйлестікпен дүдәмал естілетін болған дыбыстар айқын орындардағы естілуінше жазылу.

4. Қосымшалар қосылатын сөздермен бірге жазылу.

5. Қосалқы сөз, қос сөз, қосар сөз, қосынды сөз – бәрі де қосарлық белгімен жазылу.

6. Жалғаулықтар бөлек жазылу орындарынан басқа жағы жалғау ережесінше болады.

7. Үйір айтылатын сын есім мен зат есім бөлек жазылу.

8. Көсемше, көмекші етістіктер бөлек жазылу. Бұл «полагаю, что практически для тюркских народов самое правильное было бы – комбинация фонетического и этимологического принципов, комбинация в каждом отдельном случае своеобразная и разная, ибо правил общих тут никак нельзя дать» деген Л.В. Щербаның сөзімен үндеседі.

Және бүгінгі емлемізді айқындаған фонематикалық принциппен сай келеді. Жалпы, бәрімізге белгілі 70-80 жж. фонетика, орфографияға қатысты оқулық, емле сөздіктерінде қазақ орфографиясының негізгі ұстанымы морфологиялық, өйткені сөзді естілуінше емес, түбір тұлғасын сақтап жазамыз деген көзқарас орныққан болатын. Бірақ морфологиялық принцип фонематикалық принципке сәйкес келеді. Тек қағидаттардың атауы әртүрлі. Оның үстіне фонематикалық принциптің түсініктемесі әлдеқайда кең, көп нормаларды түсіндіре алады: «Фонематический принцип имеет большую объяснительную силу, чем морфологический: понятие фонематический принцип полностью покрывает понятие морфологический принцип и, сверх того, объясняет те факты, которые не могла быть объяснены в терминах морфологического принципа, а именно, неизбежные отступления от единообразной передачи морфем в случае морфологических чередований».

Әлді позициядағы дыбыс тіркесімдері жазуға біршама сәйкес екендігі, әлсіз позиция әлді позициядағы тұрпатымен тексеріліп, негізгі реңкі айқындалатыны қазіргі емленің басты әдісіне жатады. Бұл әдісті кезінде А.Байтұрсынұлы: «Сөздің ауыздан шығуының өзі екі түрлі болады. Сөйлегенде сөздер бір-біріне жалғаса айтылғанда бір түрлі, әр сөзді оңаша жеке алып айтқанда ауыздан екінші түрлі болып шығады. ...Жеке айтқандағы ауыздан шығуынша жазу түрін біздің қазақ қолданып келеді», – деген екен. Жалғаулар көмескі естіліп, дүдәмалдық танытатын жерлерде, аяғында әсер етпейтін дыбыс бар сөздерге жалғап қарау керектігін айтқан.

«Туыс жүйені де, дыбыс жүйені де аралас тұтыну керек деушілер: керегіне қарап, екеуін де тұтыну керек дейді ... сөйтіп сөз басына ереже жасайды ... ондай емле оңай болып табылар ма» дейді А.Байтұрсынұлы.

Бүгінгі емлемізде қосымшалардың түбірдің соңғы дыбысына немесе түбірдегі дауыстыға үйлесіп жазылуы проблема тудырмайды. Аффикстік морфемалар болсын, сөз тудырушы, түрлендіруші жұрнақтар болсын түбірдің соңғы дыбысына үйлесіп, бірнеше нұсқамен жазылады: -лар, -лер, -дар, -дер, - тар, -тер. Ал Байтұрсынұлы заманында бұл норма тек үнді вариант болған. Бұрынғы араб графикасынан қалған жазу емлесі қосымшалардың барлық түркі халықтарына ортақ бір ғана вариантын (инвариантын) жазып, әр халық өз тілінің ауызша жүйесімен әрқалай оқып жүрсе, ол жергілікті ерекшелігі көп бір тіл ішіндегі әдеби норманың жазылуы сияқты болды. Ендігі жерде әр ұлттың дербес жазу-сызуы болған күнде «туысша» жазу принципін сақтаудың қажеті жоқ екенін сезген А. Байтұрсынұлы: «Түркі халықтары сөз төркінімен емес, халықтың сөйлеу тілімен санасуы керек» – деді.

**А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АЛҒАШ РЕТІ ӘЛІПБИДІ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ БАСТЫ – ТІЛ ҮНДЕСІМІ ЗАҢДЫЛЫҒЫНА НЕГІЗДЕП БЕРДІ. ОСЫ НЕГІЗ ОДАН КЕЙІНГІ ҚАЗАҚ ЖАЗУЫ ҚАБЫЛДАҒАН БАРЛЫҚ ӘЛІПБИ ТҮРЛЕРІНЕ НЕГІЗ БОЛДЫ: 28-29 ЖЖ. ЛАТЫН ӘЛІПБИІ БОЙЫНША ЖАСАЛҒАН АЛҒАШҚЫ ҚАЗАҚ АЛФАВИТТЕРІНІҢ БАРЛЫҒЫ ДӘЙЕКШІ АРҚЫЛЫ ҚҰРАСТЫРЫЛҒАН ӘЛІПБИЛЕР БОЛДЫ.**

Ғалымның шартты рай жұрнағы -са, -се ме, әлде -ша, -ше ме дегенді анықтау үшін неғұрлым тәуелсіз позиция ретінде қонса, сепсе, келсе, куса, қанса тұлғаларын таңдап алуы – кешше (кешсе), пішше (пішсе) сөздерінде бұлар әлсіз позицияда алдыңғысында әлді позицияда тұрғанын анықтағаны. Сондай-ақ Қорғамбай – Қорғанбай, Арғымбай – Арғынбай, Тасқымбай – Тасқынбай, қоңған – қонған, жоңған – жонған, жаңған – жанған, көңген – көнген, өңген – өнген, сеңген – сенген, күңге – күнге тұлғаларының соңғылары дұрыс, өйткені сөздің түбірі «қорғам», «арғым», «тасқым» емес, қорған, арғын, тасқын болады деп анықтайды. Сондай-ақ [н] дыбысын қ, ғ, г дыбыстарының әсерінен айырсақ, дүдәмалдық жоғалады, «қоныс», «қондық», «жону», «жондым», «жанып», «жанды», «көніп», «көнді», «өніс», «өнім», «мініп», «мініс», «сеніп», «сенім», «күнде», «күндік» дегенде, «ң» емес, «н» екені айқындалады дейді ғалым. А.Байтұрсынұлының бұл ойлары емлені әлді позицияға қойып тексеру әдістері арқылы негіздейтін бүгінгі орыс жазу нормасында енді айтылып жүр.

Үшінші, Ахмет Байтұрсынұлы– қазақ әліпбиінде белгіленетін дыбыстардың санын және сапасын анықтаған ғалым. А.Байтұрсынұлының төте жазуына дейін қазақ тіліндегі <ұ>, <ү>, <у> дыбыстарының фонемалық мәртебесіне мән берілмеген, мағына ажырататын жеке дыбыс ретінде таңбаламаған. Бұған араб графикасындағы ұ, ү, у, о, ө дыбыстарына бір таңба арналуы себеп болды. Дыбыстардың еріндік, қысаң интегралауыш белгілерінен бөтен, өзара жуан-жіңішкелік (ұ-ү, о-ө) дифференциалды белгісі және еріндік реңкі күшті, әлсіз, орта, орталау белгілері бар. Сондықтан олар сөзайырымдық, сөзтанымдық қасиетке ие фонема деңгейінде қарала алатынын айқындаған А.Байтұрсынұлы бұл бес фонемаға үш таңба арнаған. Олар жуан-жіңішке белгісі арқылы ажырайды:

/ү/ <ө>
/ұ/ /ұ/ /о/ <о> және /у/.

Ғалым: «о мен ұ екеуіне зор ілтипат керек. Бұлардың жазылуы ұқсас болғанмен, айтылуы ұқсас емес. Қой (мал) деген сөзбен құй (шай құй) деген сөздердің мағыналары қандай басқа болса, айтылуы һәм сондай басқа. Ұ көмескі айтылса да, қалдырмай жазу керек. Ұ – тұр, жұрт, құм деген сөздерде т-ның ж-ның қ-ның соңынан қандай дыбыс естіледі, сол дыбыстың белгісі. Бұл дыбыстың қарпін о-дан айыру үшін, үстіне (ʻ) қоямыз. Ұ-ны оқығанда һәм оқытқанда сол естілген қалыпта айтарға тиіс» деген.

«У – азу, қару, жабу деген сөздерде з-ның р-дың, б-ның соңында естілетін дыбыстың белгісі. Ұ сөздің бас буынында қысқа һәм көмескі естіледі. Құрау, құлақ, құрғақ деген сөздер ішіндегідей. Сөздің басқа жерінде ұзын, һәм анық айтылады. У-дан ұ-ны айыру керек. Қысқасы сөздің басқы буынында у ұзын һәм анық естілсе, екі әріппен жазарға тұура, тұумас, буұн, бұуаз дегендей. (У)- ды (ұ) дан айыру үшін үстіне (ʻ) қоямыз. Себебі, (у) менен (ұ)-ның жазылуы ұқсас болғанмен, айтылуы ұқсас емес» дейді.

Профессор М.Жүсіпов А. Байтұрсынұлы ілімінде қысаң езуліктің төрт түрі (ы, і, ый, ій), қысаң еріндіктің төрт түрлі (ұ, ү, ұу , үу ) варианты бар дейді. Оған А.Байтұрсынұлының «Сіздер у бар дерсіз, жоқ. Ол уауға сакін болады» дегені дәлел. «Ал сөз ортасында, я басында анық һәм ұзын естілетін жерлерде екі /ұ/ жазуға тиіс. Мысалы, тура, туыс деген сөздерде. Басқа түркі тілінде екінші у орнына ғ келеді. Мысалы, туғра, туғыш» деп, сөз басында екі әріппен, сөз аяғында жалғыз /у/ әрпімен беруді ұсынады. Мысалы, ашу, ашулану, тату, татулық, татуласу. Бұдан А.Байтұрсынұлының объектіні бір деңгейде, объективті түрде сипаттайтынын көреміз. Мысалы, ашулану деген сөздегі бірінші /у/ әрпі ортаңғы буын болғанмен, ол ашу сөзінде соңғы буында тұр.

Және <о> <ө> , қысаң еріндіктер сөз аяғында е-мен ауысады деп, қазақ тіліндегі ерін үндесімінің таңбалануын сол жылдардағы халықтың аузындағы айтылымына қарап айқындаған.

Төртінші, қазақ тіліндегі қысаң езуліктердің емлесін негіздеген ғалым. А.Байтұрсынұлы <ы>, <і> фонемаларының таңбасын практикалық тұрғыда айқындап, қысқартып жазуды ұсынған: «Сөздің басында, ортасында ы-ны қысқа һәм көмескі естіп, бар-жоғы еленбейтін орындарда жазбаймыз. Мысалы, қн, кр, крн, жлм, жлтр деген сөздердің ішінде - нің барлығы аз сезіледі, хатта сезілмейді деп те айтуға болады. Бұл сөздерді /ы/-ны жазғанда да жазбағанда да осылай оқимыз. Жазбағанда оқылуымызға кемшілігі болмаса, оны жазуға да қажет жоқ. Қаны, жаны, малы деген сөздерді ы-ны жазбай, солай оқи алмаймыз, сондықтан сөздің аяғында ы жазу қажет». Ғалым фонемалық мәні болғанмен, жазылған сөзді оқуға зияны тимесе, үнемдеп жазу принципін осы дауысты таңбасына қатысты айтқан: «Оны қалдырмастан жазамыз сөздің аяғында. Ортасында я басында ашық естілетін орында һәм жазбасақ кемшілік болып жоқтығы еленетін орында. Мысалы: жаны–жанына» дейді ғалым. Ал түбір ішінде, сөз басында ы-ны жазса да, жазбаса да солай оқитын орындарда, жазбағанда оқуымызға кемшілігі болмаса, оны жазуға да қажеті жоқ деп табады. Мысалы: қн (қын), қр (қыр), жлм (жылым), жлтр (жылтыр), мсқ (мысық), бірақ мсығы, қры, жлымы, жлтры. Бұл қазақ әліпбиіндегі әріптердің атауы туралы айтқан Н.Уәлиұлының мына пікірлерінде жалғасын тауып жатады: «Қазақ дауыссыздары әдетте жалаң түрде дыбысталмайды.., біздің аңғаруымызша, сол тоғыз түрленудің ішінен фонетикалық жағдайға неғұрлым тәуелсізі -бы». Қазақ тіліндегі әрбір дауыссыз дыбысты жеке дыбыстағанда қасына ы, і (к, г – әріптерін атағанда) қосып айтамыз.

Қн, кр, жл, бл, пл, бр, тс, пс т.б. түбірлерді жуан-жіңішке оқудың (ы-мен, немесе і-мен) А.Байтұрсынұлы емлесі үшін қиындығы болмады: сөз жіңішке болса, алдына дәйекше қойылды (ʻбл, ʻтс). Ал сөз соңына қосылған тәуелдік жалғауы таңбаланды.

Сөйтіп, А.Байтұрсынұлы ұстанымында фонемалық мәні бар әріп таңбаланды, фонемалық мәні болса да, оқылуға қиындық келтірмейтін позицияда таңбаланбады.

**Құралай КҮДЕРИНОВА,**
**А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты ахметтану бөлімінің меңгерушісі, фиология ғылымдарының докторы, профессор**

№94 (4372) 11/08/2022 Бейсенбі

ЗЕРДЕ

# СӨЗІМЕН ДЕ, ІСІМЕН ДЕ ҮЛГІ БОЛҒАН

Құсанбек Бейбіт ағамызды мектеп кезімнен-ақ білетінмін. Ол кісі жүргізген хабарларды, айтыстарды көріп, сөз саптамына, алғырлығына, сымбатына қызығатынмын. Бейбіт аға сияқты шешен сөйлегім келетін.



Арман қуып Алматыға келгенімізде Бейбіт ағамен дидарласудың сәті түсті. Аспирантурада оқып жүргенімізде «Бір сәт және бүкіл ғұмыр» деген бағдарламаға қатысып, ҚР ҰҒА академигі Рабиға Сыздық апайымыз туралы сұхбат беруім керек болды. Бұрын-соңды экран алдында сөйлеп көрмеген жастау кезім. «Рабиға апай туралы қайтіп сөйлеймін?» деген толқу мен қобалжу қатар болып, әбден уайымдағаным есімде. Рабиға апайымыз: «Ол хабарға Орынай сөйлеп береді», – деп мені ұсынған екен. Ол кісі дұрыс сөйлеуге, тілдегі норманы сақтай білуге, ойды дұрыс жеткізуге, орфоэпиялық норманы сақтай білуге ерекше мән беретін. Сондықтан елдің алдына шығып сөйлеп көрмеген, аудиториямен жұмыс істемеген, әлі сабақ бере қоймаған жас аспирант үшін бұл жауапкершілігі мол тапсырма болды. Апайымыз тапсырма берген соң көп ұзамай Бейбіт ағамыз телефон соқты. Бағдарламаның қай кезде, қалай түсірілетінін айтты. Жүрексініп отырып келістім. Түсірілім болатыннан 1-2 күн бұрын тағы хабарласып, ескертті, бағдарламаның бағытын түсіндірді. Ағамызға тағы да қобалжып, қорқып жүргенімді айттым. Сол кезде Бейбіт ағамыз жарқылдап күліп: «Сенің солай қобалжып, толқып жүргенің ұнайды. Жауапкершілікті сезінген адам ғана қобалжиды. Жауапкершілікті сезінбеген адам қобалжуды да білмейді», – деді.

Түсірілім болатын күні «Хабар» агенттігіне бардым. Ол жерге адамдарды кіргізе бермейді. Бейбіт ағамыз құжаттардың бәрін алдын ала реттеп қойған екен. Өзі қарсы алды. Сосын тағы да бәрін түсіндіріп, ұзын дәліздің бойымен бір кабинетке ертіп апарды. Жол бойы сөйлесіп келдік. Қобалжу, толқу деген болмады. Кабинетке келген соң әңгімемізді жалғастыра бердік. Бейбіт аға арасында сұрақ қойып отырды. Бір кезде: «Өте жақсы сөйледің. Сонша қобалжып едің. Бәрі дұрыс болды», – деді. Мен экран алдында сөйлеп отырғанымды, түсіріп жатқанын түсінбей де қалдым. Сол кезде Бейбіт ағамыздың адам жанын түсіне білетін психолог, кішіпейіл, жанашыр адам екенін байқадым.

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында жұмыс істеп жүрген кезімізде Бейбіт аға «Тіл», «Тіл тірегі» деген бағдарламаларды жүргізді. Хабарда түрлі саланың терминдері, жаңа қолданыстар талқыға түсетін. Шеттен енген сөздерге балама ұсынылып, ол сөздің қаншалық сәйкес келетіні туралы сөз болатын. Бағдарламада «Алтын сандық» айдарымен бір кезде ұсынылған сәтті баламалар, қолданыстан қалып бара жатқан сөздер талқыланатын. Ол сөздер сарапшылар тарапынан мақұлданса, жалпы қолданысқа енгізілетін. Ал «Күлтөкпе» айдарында дұрыс қолданылмай жүрген, қате баламалар талқыланатын. Нәтижесінде көпшілікке ой салып, мұндай сөздерді қолданбау керектігі ескертілетін. Бейбіт ағамыз әр бағдарламаға өте мұқият дайындалатын. ҚР ҰҒА академиктері – Әбдуәли Қайдар, Рабиға Сыздық, Шора Сарыбаев, Өмірзақ Айтбаев, филология ғылымдарының докторлары, профессорлар – Ербол Жанпейісов, Сапарғали Омарбеков, Оқас Нақысбеков, Әлімхан Жүнісбек, Көбей Хұсайын, Асқар Жұбанов сынды бүгінде арамыздан кеткен ағайларымыз бен апайларымызбен қатар Телғожа Жанұзақ, Бабаш Әбілқасымов, Жамал Манкеева, Нұргелді Уәли, т.с.с. ғалымдарымызбен ақылдасатын. Бағдарламаға қатысатын спикерлердің әртүрлі ұстанымда болуына мән беретін. Хабар басталардан бұрын спикерлермен сөйлесіп, ұстанымдарын нақтылап, пысықтап алатын. Нәтижесінде әртүрлі көзқарас бір бағдарламада тоғысып, терминнің қаншалық сәтті, ұтымды екені қызу талқыланатын.

Бағдарламаны жүргізу барысында ағамыз мықты терминолог ретінде де танылды. Терминжасам ұстанымдары, терминге қойылатын талаптарды жетік меңгергені, сол сала бойынша еңбектерді оқығаны, сөздің этимологиясын білетіні байқалатын. Орысша-қазақша сөздіктер ғана емес, арабша-қазақша, парсыша-қазақша, моңғолша-қазақша, арабша-орысша, парсыша-орысша, моңғолша-орысша, т.с.с. сөздіктермен таныс екені аңғарылатын. «Алтын сандықтан» шыққан әр сөзге ерекше мән беретін. Сол сөздердің қолданысқа еніп, сөздік қорымызға қайта оралуын қалайтын. Терминнің қазақ тіліндегі сәтті баламасы табылған жағдайда ол атауларды қызғыштай қоритын. Бұл жағынан алғанда, ағамыз нағыз тіл жан ашыры ретінде танылды. Бір жолы Бейбіт ағамызға сол кезде филология ғылымдарының докторлары, профессорлар (бүгінде ҚР ҰҒА академиктері) Диқан Қамзабек, Шерубай Құрманбайұлымен бірге дайындаған Қ.Кемеңгерұлының «Қазақша-орысша тілмаш» (1925), Н.Қаратышқановтың құрастыруымен жарық көрген «Пән сөздері» (1927), Ә.Үмбетбайұлының «Әскери атаулар сөздігі» (1926), «Атаулар сөздігі» (1931), т.с.с. кітаптарды бергем. Ағамыз ол еңбектерді оқып, алаш зиялыларының XX ғасырдың басында ұсынған сәтті баламаларына риза болды, бірқатарын «Алтын сандық» айдарында ұсынып жүрді.



Бағдарламаға келетін сарапшылар да әртүрлі болды. Кейде шет тілдік нұсқаны мақұл көріп, сәтті баламаны қабылдағысы келмейтін сарапшылар да болды. Ондай сарапшылар көбінесе бұл нәрсенің қазақ жерінде болмағанын желеу ететін. Сол себепті Бейбіт ағамыз бір бағдарламаны «арыстан», «керік», «түрпі», «зіл», «үйректұмсық», т.с.с. атауларға арнаған еді. Бұл мақұлықтар қазақ жерінде болмаса да, қазақ тілінде (басқа түркі тілдерінде де) атауы бар екенін көрсетуге тырысты. Сол арқылы «қандай да бір зат қазақ жерінде болмаса, ол заттың қазақ тілінде баламасы да болмайды» деген ұстанымның түбегейлі қате екенін дәлелдеген еді.

Бейбіт ағамыз жан-жақты еді. «Тіл», «Тіл тірегі» ғана емес, барлық бағдарламаға асқан жауапкершілікпен қарайтыны байқалатын. Бейбіт ағамыздың бағдарламаларын асыға күтетінбіз, қызыға тыңдайтынбыз. 1995-1997 жылдары «Өмір – өзен» айдарымен берілген бағдарламасында Ақжан Машани, Бикен Римова, Фарида Шәріпова, Шерхан Мұртаза, Қадыр Мырзалиев, Есенғали Раушанов, Райымбек Сейітметов, Сұлтан Сартаев, Болат Атабаев, т.с.с. тұлғалардан сұхбат алған еді. Студияға шақырған қонақтарымен әңгіме өрбіткен кезде көп нәрседен хабары бар, өзіндік ой-тұжырымы бар, ұстанымы қалыптасқан жан, шебер психолог ретінде танылып еді. Хабарға қатысқан ақын-жазушының шығармаларын оқығаны сөзінен, сұрақтарынан байқалып тұратын, әртістердің сахнадағы образдары, ғалымдардың ұстаным-позициясын біліп, еркін сұхбаттасатын. Тыңдарманның айызын қандыратындай, елдің көкейінде жүрген сұрақтарды қойып отыратын. Сұрақтардан ағамыздың позициясы – елін сүйетіні, ұлттың болашағына алаңдайтыны байқалып тұратын. Жазушы, драматург Төлен Әбдікұлымен сондай бір сұхбатында: «Өз тілінен, өз дінінен, халқының әдет-ғұрпынан безу дегенде «Оң қол» әңгімеңіз еске түседі. Тұтас бір организмнің бір бөлшегінің өзіне қарсы тұрып, қастандық жасауы – жан түршігерлік оқиға. Сіз мұны генетикалық ақпараттың әсері деп түсіндіресіз. Өз тілінен, мәдениетінен безінгендерді «оң қол» оқиғасымен салыстырсақ, ұлтымыздағы «оң қолдар» қайдан шықты. Оған осындай генетикалық ақпаратты бергендер кімдер? Кім арқылы, қай кезде себілген нәрсе деп ойлайсыз? Қазіргі көзқарас, нарық экономикасына байланысты адамдардың рухани байлық, құндылықтарды қайта зерделеп, бұрынғы бағалы деген нәрсе арзан болып, арзан деген бағалы болып жатқан аласапыран кез. Болашағымыз үшін генетикалық ақпарат егіліп жатқан жоқ па? Балаларын тек шет елде оқыту, таза ағылшын тілін үйрету деген сияқты бастамалар ұлтты топырағынан айыру емес пе? Бұл – қайдан шыққан нәрсе? Сол шетелге барып жатқандардың 70-80 пайызы ана тілін білмейтін ұрпақ болса, одан бізге қандай кадрлар келеді? Сіздіңше, бірінші кезекте ұлттық патриотизм тұруы керек пе немесе экономикалық фактор тұруы керек пе?» деген сияқты сауалдар қойып еді. Бағдарламаның мақсаты туралы Бейбіт ағамыздың өзі: «Өмірді өзен деп қарастыра отырып, мен ондағы бұрылысты бастан кешкен әр адамның жағалауға қалай көз салатынын аңдағым, байқағым келеді. Оларды не ойландырады, не толғандырады?! Сонымен бірге әр кейіпкердің өткен өмірінде, белгілі бір іс-әрекеттері мен көзқарастарында оның болмысын аңғартатын, характерін ашатын маңызды жайттар бар. Соларды тапсам деймін», – деген екен. Бағдарлама мақсатына жетті. Ағамыздың шеберлігінің арқасында бұл бағдарлама бірнеше жыл 10 үздік хабар қатарынан көрінді.

Қазіргі кезде кейбір журналистер бағдарламаға ғалымдарды шақырып алып, өздері көбірек сөйлеп кететін, соның салдарынан ғалымдардың ойын дұрыс жеткізуіне уақыт тапшы боп қалатын кездер жиі кездеседі. Ал Бейбіт Құсанбек ағамыз студияға келген қонақтардың ойын толық жеткізуіне, барынша ашылуына толық мүмкіндік беретін...

Ағамыздың жол апатына түскенін естіген кезде көпке дейін есеңгіреп қалдым. Сең соққандай есімді жия алмай қалдым. «Қате ақпарат шығар, шатасып кеткен шығар», – деп сонша үміттендік. Ақпарат расталған соң көз жасымызды көл еттік. Институттың кәрі-жасы түгел аза тұтты. Бәрі де Бейбіт ағамыздың ақыл-парасатын, адамгершілігін, мейірімділігін..., тым ерте кеткенін айтып жатты.

Ағамыз кеткен соң «Тіл», «Тіл тірегі» бағдарламалары да тоқтап қалды. Бүгінгі таңда осындай бағдарламалар өте керек-ақ! Бейбіт ағамыздың орны әлі ойсырап тұр. Бейбіт ағамыздың саңқылдаған дауысын, мәз болған күлкісін сағындық. Алайда «Құран» бағыштағаннан басқа қолдан келері жоқ. Аз ғана уақыттың ішінде Бейбіт ағамыздың сан қырлы дарын иесі екенін, өз ісіне асқан жауапкершілікпен қарайтынын, үлкен-кішіге бірдей қамқор, Абайша айтқанда, толық адам екенін түсіндік. Ағамыздың біз білмейтін қыры көп екен. Еске алу шараларына қатысқанымызда Бейбіт Құсанбектің керемет ақын, композитор екеніне де көз жеткіздік. «Құдай берсе, құлай береді» дегендей, жан-жақты дарын иесі екен. Сөзімен де, ісімен де үлгі болған ағамыздың жатқан жері жайлы, иманы жолдас болсын! «Құран» сауаптары тие берсін!

**Жұбай ОРЫНАЙ,**
**әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры м.а., филология ғылымдарының докторы**

ЕЛОРДА – ЕСІМІ

Нұр-Сұлтан қаласындағы Мұхамет-Салық Бабажанов көшесі Наурызбай батыр, Байзақ датқа көшелерімен қиылысады.

# БАБАЖАНОВ КӨШЕСІ

Бұл көше Ресей Географиялық қоғамына мүшелікке өткізуге атақты ғалым Шоқан Уәлиханов пен Семенов-Тянь-Шанский кепілдеме берген, ғылыми еңбектері үшін Ресей Географиялық қоғамының күміс медалімен Орта Азия және Қазақстан ғалымдары арасында тұңғыш марапатталған этнограф, ағартушы, ауыз әдебиетін зерттеуші Мұхамет-Салық Бабажановтың құрметіне аталды.

Оның есімі өз заманында жарқырай жанып, небәрі 37 жасында жұлдыздай ағып түскен арда азаматтардың бірі ретінде аталады. Ел аузында қалған аңыздардың бірінде Салықтың жан досы – Бөкей ордасында елу жылдай ел басқарып, өз заманында озық ойлы, абыройлы, ағартушы, өлкенің оқу-ағарту, мәдениеттің өркендеуіне үлес қосқан Мақаш әкім (правитель) атанған Мұхамбетжан Бекмахамбетов (1830-1904) С. Бабажановтың өлімін естігенде «Ой, жалған-ай, Салық өлді дегенше – халық өлді десейші» – деп ауыр күрсінген екен дейді. Осылайша «Салық өлді дегенше – алып өлді десейші, алып өлді дегенше – халық өлді десейші» деп те түрленеді. Ш. Уәлиханов 1864 жылы жазған «Сот реформасы жайында хат» атты еңбегінде «1860 жылы «Северная пчелада» жас қазақ Бабажанов мырзаның Бөкей ордасындағы татар мектебіндегі ілімнің барысын қарапайым тілмен айқын баяндаған. Мақалада Бабажанов мырза Мұхамметтің үмбеті, әрі «Северная пчеланың» тілшісі болғандықтан, мұсылмандықтың туын ұстаушы ретінде татардың ағарту ісіне қас емес шығар деген ойдамын» десе этнограф-ғалым Павел Иванович Небольсин 1860 жылы «Русский вестник» журналының 29-шы санында жазған мақаласында С.Бабажановты былайша сипаттайды: «25 жаста. Келбетті. Ат жақты. Өңі – қара торы. Бота көзді. Шашы қара, қалың. Бабажанов орыстың айшықты әдеби тілін еркін меңгерген. Сөздері өткір әрі көркем, әсіресе өзін толғандыратын мәселеге келгенде, қызып кетіп, еркін көсіліп, шешен сөйлейді. Шыққан тегінің қожа болуына қарамастан, Неплюев кадет корпусында оқып, білім алған, казак-орыстардың әскери үлгіде тігілген киімін киеді. Әңгімелескен кезде оны әсіресе екі мәселенің ерекше толғандыратынын байқадым» деп айтып, ғалымның өмірдегі ұстанымын жеткізеді.

Салық Бабажанов 1851 жылдың қазан айында кадет корпусын ойдағыдай бітіріп, хорунжий деген офицерлік шен алып шығады. Орынбор шекара комиссиясының басшылары көзге түскен талантты, үздік жас офицерді әуелгіде өз қарамағында қызметте қалдырады. Алайда, 1853 жылы Орынбор казак-орыс офицерлері оған әр түрлі жала жауып, қызметінен босаттырып, Орынбордан қудырып, Ішкі Бөкей Ордасына жер аударады. Осы жерде бір назар аударатын жағдай – өкімет орындарының оның өзінің, үй-ішінің кімдермен байланысып, кімдердің бұларға келіп-кеткенін бақылау үшін соңынан Алексеев деген подхорунжийді тыңшы етіп салып қоюы. Дегенмен кейіннен екеуі дос болып, ол Салықтың жазған мақалаларын Астраханда шығатын «Волга» деген газетке апарып беріп отырады.

Туған жеріне қайтып оралған білімді жас офицер алғашында Хан сарайында тілмаш болады. Арада жылдар өткеннен кейін әскери шені жоғарылап, жүзбасы дәрежесіне жетеді. Енді ол «Ішкі орданы басқару жөніндегі Уақытша Кеңестің» кеңесшісі боп істейді.

Салық Бабажановтың тағы бір қыры – көне мұра жинаушы ретінде де Еділ-Жайық бойына оның атының белгілі болғандығы. Әлдебір заттардың табылғаны жайлы хабардың, кейде сол заттардың өзінің де дереу Бабажановқа жетіп отыруы оның ел ішіндегі беделін, зерттеуші деп танылғандығын дәлелдейді.

Мұхамет-Салықтың атын шығарған оның ғылыми-этнографиялық және публицистикалық шығармалары еді. Ол қазақтың салт-дәстүрі, шаруашылығы, діни нанымы, аңшылық кәсібі жөнінде еңбектер жариялады. Халықтың көне тарихи мұраларын, аңыз-ертегілерін, өлең-жырларын, мақал-мәтелдерін жинап, зерттеді. Оның әсіресе «Қымыз туралы жаңалық», «Орал казак-орыстары мен Ішкі Орда қазақтарының айтысы», «Ішкі қазақ Ордасының жылқылары және оны бағу», «Нарын құмы жөніндегі мәліметтер», «Ішкі Бөкей ордасындағы аңшылық» деп аталатын мақалалары мен зерттеу еңбектері мән-маңызы өте жоғары еңбектер еді. Әсіресе, мұндағы жылқы, қымыз жөніндегі жазбалары – күні бүгінге дейін құны жоғалмайтын дүниелер.

Мұхамет-Салық та Шоқан сияқты өте жұмбақ жағдайда, (оны казактар улап өлтірген деген қауесет те бар) небәрі 37 жасында Ішкі Бөкей Ордасының Астрахань бетіндегі «Егіндіқұдық» деген жерде көз жұмды. Артында Мұқамбетжан, Ханахмет атты ұлы қалды. Бертінде ақын Есенғали Раушанов Бабажанов туралы «Сарыөзен» атты поэма жазады.

**Айзада ЖАЙЫҚҚЫЗЫ**



6:00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7:00 «П@УТINA» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»
10:50 «НА САМОМ ДЕЛЕ»
12:00 «МАГОМАЕВ»
13:05 «СЕМЕЙНЫЙ АЛЬБОМ»
14:10 «НОВОСТИ»
14:20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMIZ» бағдарламасы.
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:35 «ЧУЖОЙ РАЙОН 2»
0:50 «БРЕЖНЕВ»
2:30 «П@УТINA» бағдарламасы
3:30 ЖАҢАЛЫҚТАР»
4:25 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
4:50 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы

07.05 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН»
07.35 «ЖИМАУДЫҢ ЖЕТІСТІГІ»
08.20 «AQ MAMA», реалити-шоу
09.25 «В ПЛЕНУ У ПРОШЛОГО»
11.15 «ПРОСПЕКТ ОБОРОНЫ»
13.00 «АЛМАЗНЫЙ ЭНДШПИЛЬ»
15.00 «КӨРІПКЕЛ»
15.50 «СЕНСІЗ ӨТПЕС КҮНДЕРІМ»
17.30 «ҚАРА ГҮЛДЕР»
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», ток-шоу
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.30 «АЛМАЗНЫЙ ЭНДШПИЛЬ»
23.30 «ПРОСПЕКТ ОБОРОНЫ»
01.20 «ОДИНОЧКА»
02.00 «СЕНСІЗ ӨТПЕС КҮНДЕРІМ»
03.15 «КӨРІПКЕЛ» (қайталау)
04.00-04.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР

06:00 Әзіл студио
06:20 «Ұлттық жоба» деректі фильм
06:50 Ризамын
07:20 Информбюро (повтор)
08:20 Индийский сериал «Ханшайым»
09:20 «Зейнеп» түрік телехикаясы (повтор)
11:10 Т/сериал «Отель Элеон» (повтор)
12:20 Т/сериал «Отель Элеон»
13:20 «Дети шпионов 3» (повтор)
15:20 «Лара Крофт: Расхитительница гробниц» (повтор)
17:35 «Лара Крофт: Расхитительница гробниц 2 — Колыбель жизни»
20:00 Информбюро (рус/каз)
21:00 «Зейнеп» түрік телехикаясы
21:55 «Миссия: невыполнима»
00:40 Индийский сериал «Ханшайым»
01:40 What's up
02:20 Сериал «Базарбаевтар»
03:50 1001 Әзіл
04:10 BALA BATLLE
04:40 What's up?

06:00 Т/п «Қуырдақ»
06:30 ОЯН, QAZAQSTAN Music
06:50 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
07:50 Т/х «Жаңа қоныс»
09:00 Х/с «Женский доктор»
11:10 Х/с «Балабол»
13:20 Т/х «Жаңа қоныс»
14:40 Т/х «Жараланған жүректер»
15:40 Т/с «Гадалка»
16:10 Х/с «Полицейский с Рублевки»
17:20 Х/с «Женский доктор»
19:30 Х/с «Балабол»
22:00 Т/х «Жараланған жүректер»
23:00 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
00:00 Х/с «Полицейский с Рублевки»
01:00 Т/с «Гадалка»
01:40 Т/х «Тек қана қыздар»
02:40 ОЯН, QAZAQSTAN Music
03:00 Т/п «Тамаша»
04:00 Т/х «Япырай»
05:00 Т/п «Қуырдақ»

НТК

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
08.00 «ЕҢ КҮЛКІЛІ ӘРТІСТЕР» (каз.)
08.45 «Күлкі базар» (каз.)
09.05 «Екі езу» (каз.)
09.40 «ДРАКОНЫ: ГОНКИ ПО КРАЮ»
10.00 «БОСС-МОЛОКОСОС: СНОВА В ДЕЛЕ» (мультсериал)
10.25 «МИР НАИЗНАНКУ» (Китай)
11.25 «ОДНАЖДЫ В РОССИИ»
11.50 «ПЛОХИЕ ПАРНИ НАВСЕГДА»
15.00 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз.)
19.00 Телехикая «Ауылдастар» (каз.)
19.30 Телехикая «Көзайым» (каз.)
20.30 «МОРСКОЙ ПЕХОТИНЕЦ 6: БЛИЖНИЙ БОЙ»
22.10 «INSTA LIKE» (каз.)
22.40 «БРИДЖИТ ДЖОНС 3» (комедия, Рене Зелльвегер, Колин Фёрт)
01.10 «ГДЕ ЛОГИКА?»
02.00 Телехикая «Көзайым» (каз.)
02.50 «Опмай,Опмай» (каз.)
03.30 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
04.00 – 05.00 Әзіл - күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)

## ЖҰМА
## 19 ТАМЫЗ

QAZAQSTAN

6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер»
7:00 «TAŃSHOLPAN».
10:00 AQPARAT
10:10 «Гүлдер құпиясы». Телехикая.
12:00 «Күйеу бала». Телехикая.
13:00 AQPARAT
13:10 «Күйеу бала». Телехикая
14:10 «Қызық екен...»
15:00 «Тұлға». Деректі фильм
15:30 «Ауылдастар»
16:00 «БАҚЫТСЫЗДАР БАҒЫ». Телехикая.
17:15 «САҚШЫ АРЫСТАН».
18:00 «ГҮЛДЕР ҚҰПИЯСЫ». Телехикая.
20:00 AQPARAT
20:30 «ЖЕДЕЛ ЖЕЛІ». Сұхбат
21:30 «Күйеу бала». Телехикая.
22:30 «ӨМІР ЫЗҒАРЫ». Телехикая.
23:30 «Көңілашар»
0:20 «Егіз лебіз»
2:40 «Тұлға». Деректі фильм
3:10 «Жәдігер»

5:00 Телесериал. «Березка»
7:00 Тұсаукесер! Тікелей эфирде «Оян!»
10:00 «Кодовое имя «Джеронимо»
12:00 Жаңалықтар
12:10 Телехикая. «Пәленшеевтер 3»
13:00 Новости
13:10 Телехикая. «Аға»
15:00 «Алтыбақан»
16:00 Телесериал. «Березка»
18:00 Мегахит. «Опасная миссия»
20:00 Қорытынды жаңалықтар
20:30 «Өмір жолы»
21:00 Итоги дня
21:30 Телехикая. «Бәсеке 2»
22:30 Телехикая. «Аға»
0:00 Телехикая. «Егіз жүрек»

ASTANA TV

06:00 «Фазилет ханым» телехикаясы
07:00 «Маша и медведь» М/ф
09:00 «Кеш келген махаббат» телехикая
11:20 «ЕНЕ» үнді телехикаясы
12:20 «Іңкәр сезім» корей телехикаясы
13:45 «Жас қырандар» Х/ф
15:00 «Громовы. Дом надежды»
16:15 «Сырты бүтін»
17:00 «JUMBAQTIMES» бағдарламасы
17:35 «Кішкентай келін» телехикая
19:25 «Құрақ» телехикаясы
20:00 «Astana times»
21:00 «Жылама, ана» телехикая
21:55 «Кеш келген махаббат» телехикая
00:10 «Іңкәр сезім» корей телехикаясы
01:50 «Астана кеші көңілді»
02:40 «Astana times»

6:00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7:00 «П@УТINA» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:00 «ЖИТЬ ЗДОРОВО»
10:50 «НА САМОМ ДЕЛЕ»
12:00 Многосерийный фильм «МАГОМАЕВ»
13:05 «СЕМЕЙНЫЙ АЛЬБОМ»
14:10 «НОВОСТИ»
14:20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMIZ» бағдарламасы.
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:35 «ПОЛЕ ЧУДЕС»
21:55 «ЗАПАСНЫЙ ВЫХОД»
3:00 «НОВОСТИ»
3:10 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
3:20 «П@УТINA» бағдарламасы
4:05 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
4:30 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
5:15 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы

07.05 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН»
07.35 «ЖИМАУДЫҢ ЖЕТІСТІГІ»
08.20 «AQ MAMA», реалити-шоу
09.25 «В ПЛЕНУ У ПРОШЛОГО»
11.15 «ПРОСПЕКТ ОБОРОНЫ»
13.00 «АЛМАЗНЫЙ ЭНДШПИЛЬ»
15.00 «КӨРІПКЕЛ»
15.50 «СЕНСІЗ ӨТПЕС КҮНДЕРІМ»
17.30 «ҚАРА ГҮЛДЕР», өзбек телехикаясы.
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 «КТКweb»
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.30 «НЕЗАБЫТАЯ», мелодрама.
01.20 «ОДИНОЧКА»
02.00 «СЕНСІЗ ӨТПЕС КҮНДЕРІМ»
03.15 «КӨРІПКЕЛ» (қайталау)
04.00-04.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР

06:00 Әзіл студио
06:30 «Ұлттық жоба» деректі фильм
07:00 Ризамын
07:20 Информбюро (повтор)
08:20 Индийский сериал «Ханшайым»
09:20 «Зейнеп» түрік телехикаясы (повтор)
10:20 Т/сериал «Отель Элеон» (повтор)
11:30 Т/сериал «Отель Элеон»
12:30 «Лара Крофт: Расхитительница гробниц 2 — Колыбель жизни» (повтор)
14:55 КИНО. Том Круз в боевике «Миссия: невыполнима» (повтор)
17:20 «Миссия: невыполнима 2»
20:00 Информбюро (рус/каз)
21:00 «Зейнеп» түрік телехикаясы
21:55 «Обитель зла: Возмездие»
00:00 Индийский сериал «Ханшайым»
01:00 Сериал «Базарбаевтар»
01:40 1001 Әзіл
02:00 «31 әзіл»
03:00 Әзіл студио
04:30 What's up?
05:00 Ризамын

06:00 Т/п «Қуырдақ»
06:30 ОЯН, QAZAQSTAN Music
06:50 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
07:50 Т/х «Жаңа қоныс»
09:00 Х/с «Женский доктор»
11:10 Х/с «Балабол»
13:20 Т/х «Жаңа қоныс»
14:40 Т/х «Жараланған жүректер»
15:40 Т/с «Гадалка»
16:10 Х/с «Полицейский с Рублевки»
17:20 Х/с «Женский доктор»
19:30 Х/с «Балабол»
22:00 Т/х «Жараланған жүректер»
23:00 Т/х «Арам ақша. Адал махаббат»
00:00 Х/с «Полицейский с Рублевки»
01:00 Т/с «Гадалка»
01:40 Т/х «Тек қана қыздар»
02:40 ОЯН, QAZAQSTAN Music
03:00 Т/п «Тамаша»
04:00 Т/х «Япырай»
05:00 Т/п «Қуырдақ»

НТК

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
08.00 «ЕҢ КҮЛКІЛІ ӘРТІСТЕР» (каз.)
08.45 «Күлкі базар» (каз.)
09.05 «Екі езу» (каз.)
09.40 «ДРАКОНЫ: ГОНКИ ПО КРАЮ»
10.00 «БОСС-МОЛОКОСОС: СНОВА В ДЕЛЕ» (мультсериал)
10.25 «МИР НАИЗНАНКУ» (Китай)
11.25 «ОДНАЖДЫ В РОССИИ»
12.50 «МОРСКОЙ ПЕХОТИНЕЦ 6: БЛИЖНИЙ БОЙ»
15.00 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз.)
19.00 Телехикая «Ауылдастар» (каз.)
19.30 Телехикая «Көзайым» (каз.)
20.30 «ТРАНСФОРМЕРЫ»
23.10 «INSTA LIKE» (каз.)
23.40 «ЧЕЛОВЕК-ВОЛК» (фантастический триллер, Бенисио Дель Торо, Энтони Хопкинс)
01.30 «ГДЕ ЛОГИКА?»
02.20 Телехикая «Көзайым» (каз.)
03.00 «Опмай,Опмай» (каз.)
03.40 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
04.00 – 05.00 Әзіл - күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)

## СЕНБІ
## 20 ТАМЫЗ

QAZAQSTAN

6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер»
6:30 «Теледәрігер»
7:15 AQPARAT
7:45 «Дәуір даналары». Деректі фильм
8:30 «Көңіл толқыны»
9:20 «Әйел әлемі»
9:55 «ЫРЫСТЫҢ ҚАЗЫҒЫ»
10:00 «Гүлдер құпиясы». Телехикая.
12:00 «Әзіл әлемі»
14:00 «ОЙЫНШЫҚТАР ХИКАЯСЫ 4».
15:30 «Әндер мен жылдар». Концерт
17:30 «Шекарашылар». Деректі фильм
18:00 «ГҮЛДЕР ҚҰПИЯСЫ». Телехикая.
20:00 «101 АЛА КҮШІК 2». Мультфильм
21:05 «Жігіттер» тобының концерті
22:30 «ӨМІР ЫЗҒАРЫ». Телехикая
23:30 «Көшпенділер». Көркем фильм
1:15 «Дәуір даналары». Деректі фильм
2:25 «Мұра». Деректі фильм
2:50 «Жәдігер»

5:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ. «БЕРЕЗКА»
7:00 «СЫРЛАСТАР»
9:00 ТАРИХ. ТАҒДЫР. ТҰЛҒА
10:00 «TANGY FRESH»
10:30 «ӘН ӘЛЕМІ»
11:00 КИНО. «ЕҢ СҰЛУ»
12:45 «БӘСЕКЕ 2»
16:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ. «БЕРЕЗКА»
18:00 МЕГАХИТ. «ВСЕГДА ВЕРЕН»
20:00 «AITYSTAR»
22:00 «ОТДЕЛ ЖУРНАЛИСТСКИХ РАССЛЕДОВАНИЙ. БЛИЖЕ К ДЕЛУ». ПРЯМОЙ ЭФИР!
23:30 ТЕЛЕХИКАЯ. «АҒА»

ASTANA TV

06:00 «Фазилет ханым» телехикаясы
07:00 «Маша и медведь» М/ф
09:00 «Кеш келген махаббат» телехикая
11:20 «Құрақ» телехикаясы
14:25 «Шаншар»
16:25 «Громовы. Дом надежды» телесериал
21:00 «Жылама, ана» түрік телехикаясы
21:55 «Кеш келген махаббат» телехикая
00:10 «Tik-Tok хаус» телехикаясы
01:40 «Үздік әзілдер»

6:00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7:25 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы
8:00 «П@УТINA» бағдарламасы
9:00 Фильм «НАВАЖДЕНИЕ»
11:40 Многосерийный фильм «КАК ВЫЙТИ ЗАМУЖ ЗА МИЛЛИОНЕРА 2»
16:30 «БЕСТІҢ ШӘЙІ» бағдарламасының тұсаукесері. Тікелей эфир
18:30 Александр Устюгов, Сергей Перегудов в детективе «МОЯ ФАМИЛИЯ ШИЛОВ»
20:25 Многосерийный фильм «ОТЧИМ»
1:25 «ЦАРИ ОКЕАНОВ. ПУТЬ В АРКТИКУ». Документальный фильм
2:50 «П@УТINA» бағдарламасы
3:40 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
5:10 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы

07.05 «ҮЛКЕН ҮЙ», отандық телехикая
07.30 «БІЗДІҢ КОНЦЕРТ»
08.30 «ҚАРАПАЙЫМ-ХАНШАЙЫМ», реалити-шоу
09.20 «ЮМОРИНА», шоу-программа
11.00 «НЕЗАБЫТАЯ», мелодрама (повтор)
15.00 «АТАЛАР СӨЗІ», өзбек телехикаясы.
18.00 «OZAT ОТБАСЫ», ток-шоу
19.00 «ГҮЛ СЫЙЛАЙЫҚ АНАҒА», ән-шашу
21.00 «ТЕНЬ ПРОШЛОГО», мелодрама.
00.50 «ЧУМА», криминальная драма (повтор)
02.15 «АТАЛАР СӨЗІ», өзбек телехикаясы (қайталау)
03.45-04.30 «ҚАРАПАЙЫМ-ХАНШАЙЫМ» (қайталау)

06:00 Әзіл студио
07.00 Тәтті шоу
08:00 «31 әзіл»
09:00 «Күліп ALL»
09:30 Готовим с Адель (повтор)
10:00 КИНО. «Қос тағдыр»
12:30 Алдараспан (повтор)
14:10 «Облачно 2: Месть ГМО»
16:15 КИНО. Нурлан Коянбаев в комедии «Бизнес по-казахски в Африке»
18:15 КИНО. Хью Джекман в фантастическом боевике «Живая сталь»
21:00 КИНО. Роберт Дауни мл. в фантастическом боевике «Железный человек»
23:40 «Bizdin show» (повтор)
01:40 «31 әзіл»
02:10 What's up?
02:40 Тамаша live
03:40 Әзіл студио
04:00 1001 Әзіл
04:30 Ризамын
05:00 «31 әзіл»
05:30 What's up?

06:00 Т/п «Қуырдақ»
07:00 Jaidarman
09:00 Т/п «Орёл и решка»
10:00 Х/с «Вчера.Сегодня.Навсегда»
14:00 Дос-Мұқасанның «Айхай 25» концерті
16:30 Т/х «Тақиясыз періште»
18:15 Шоу «Удивительные люди»
21:00 Х/ф «Повелитель бури»
00:00 Шоу «Ну-ка все вместе»
02:10 Т/х «Тақиясыз періште»
03:40 Т/х «Япырай»
04:10 Т/п «Тамаша»
05:00 Т/п «Қуырдақ»

НТК

07.00 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
08.20 «Жұлдызды Weekend» (каз.)
09.20 Әзіл - күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)
09.40 «ЛЮК-ПУТЕШЕСТВЕННИК ВО ВРЕМЕНИ» (анимационный сериал)
11.00 «ВОЙНА НЕВЕСТ» (семейная комедия, Энн Хэтэуэй, Кейт Хадсон, Крис Пратт)
13.30 «ДЖАСТИН И РЫЦАРИ ДОБЛЕСТИ»
15.00 «БІР БОЛАЙЫҚ» (каз.)
19.00 «Жұлдызды Weekend» (каз.)
20.00 «ҚЫЗЫҚ LIVE» (каз.)
21.00 «ПАРК ЮРСКОГО ПЕРИОДА 2: ЗАТЕРЯННЫЙ МИР» (семейное фэнтэзи, Винс Вон, Джефф Голдблюм)
23.20 «НЕОСПОРИМЫЙ 4» (боевик, Скотт Эдкинс)
01.00 «ГОРИ, ГОРИ ЯСНО» (фильм ужасов, Элизабет Бэнкс, Дэвид Дэнман)
02.30 «ТАВОО» (каз.)
03.30 «Опмай,Опмай» (каз.)
04.10-05.00 Әзіл - күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)

## ЖЕКСЕНБІ
## 21 ТАМЫЗ

QAZAQSTAN

6:00 Әнұран
6:05 «Жәдігер»
6:30 «Теледәрігер»
7:15 «Зинһар»
7:50 «Көңіл толқыны»
8:30 «Ойыншықтар хикаясы 4».
10:00 «Гүлдер құпиясы». Телехикая.
12:00 «Ән мен әнші»
14:20 «Көшпенділер». Көркем фильм
16:25 «КҮЙ-КЕРУЕН»
16:55 Дисней ұсынады: «101 ала күшік».
18:00 «ГҮЛДЕР ҚҰПИЯСЫ». Телехикая.
20:00 ДЕРЕКТІ ФИЛЬМ. «ТІРШІЛІК».
20:35 «Құс қанат ғұмыр».
22:30 «ӨМІР ЫЗҒАРЫ». Телехикая.
23:30 «Қара қабылан». Көркем фильм
1:05 «Теледәрігер»
1:50 «Зинһар»
2:35 Деректі фильм. «Тіршілік»
3:05 «Ауылдастар».
3:30 «Жәдігер»

5:00 Телесериал. «Березка»
7:00 Телехикая марафоны. «Сырластар»
9:00 Концерт. «Алашұлы»
11:00 Кино. «Ең сұлу»
12:45 Телехикая марафоны. «Бәсеке 2»
16:00 Телесериал.
18:00 Мегахит. «Всегда верен»
20:00 «Aitystar»
22:00 Концерт. «Dimash digital show»
0:00 Телехикая. «Аға»

ASTANA TV

06:00 «Фазилет ханым» телехикаясы
07:00 «Маша и медведь» М/ф
09:00 «Кеш келген махаббат» үнді телехикаясы
11:20 «JUMBAQTIMES»
12:00 «Отбасы» телехикаясы
15:20 «Алдараспан»
19:50 «Tik-Tok хаус» телехикаясы
21:00 «Жылама, ана» түрік телехикаясы
21:55 «Кеш келген махаббат» телехикая
00:10 «Гламур для дур» Х/ф
02:00 «Үздік әзілдер»

6:00 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы
7:25 «ТОЙ ЗАКАЗ» бағдарламасы
8:00 «П@УТINA» бағдарламасы
9:00 «ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ»
9:10 «МОЯ ФАМИЛИЯ ШИЛОВ».
11:40 «КАК ВЫЙТИ ЗАМУЖ ЗА МИЛЛИОНЕРА 2»
16:30 «ӘКЕМІЗГЕ ҚАЛЫҢДЫҚ»
18:05 «ҚАЙМАҚ»
18:40 КОНЦЕРТ К ЮБИЛЕЮ МУСЛИМА МАГОМАЕВА
20:15 Многосерийный фильм «ОТЧИМ»
1:10 «ТРИ АККОРДА»
3:25 «П@УТINA» бағдарламасы
4:10 «ТОЙ БАЗАР» бағдарламасы

07.05 «ЖҰЛДЫЗДАР МЕН ҰЛ ҚЫЗДАР»
08.30 «ҚАРАПАЙЫМ-ХАНШАЙЫМ», реалити-шоу
09.20 «ЮМОРИНА», шоу-программа
11.20 «ТЕНЬ ПРОШЛОГО», мелодрама (повтор)
15.00 «АТАЛАР СӨЗІ», өзбек телехикаясы.
18.00 «OZAT ОТБАСЫ», ток-шоу
19.00 «МАХАББАТ ӘЛЕМІ», ән-шашу
21.00 «ВСПОМНИТЬ СЕБЯ», мелодрама.
00.50 «ЧУМА», криминальная драма (повтор)
02.15 «АТАЛАР СӨЗІ», өзбек телехикаясы (қайталау)
03.45-04.30 «ҚАРАПАЙЫМ-ХАНШАЙЫМ» (қайталау)

06:00 Әзіл студио
07:00 Тамаша live
08:00 «31 әзіл»
08:30 «Күліп ALL» (повтор)
09:00 TeleBingo. Прямой эфир
09:25 Готовим с Адель
10:00 Ералаш
10:30 Мультсериал «Маша и медведь»
11:00 Анимационный фильм «Облачно 2: Месть ГМО» (повтор)
13:00 КИНО. Нурлан Коянбаев в комедии «Бизнес по-казахски в Африке» (повтор)
15:10 КИНО. Хью Джекман в фантастическом боевике «Живая сталь» (повтор)
18:00 КИНО. Роберт Дауни мл. в фантастическом боевике «Железный человек» (повтор)
20:30 КИНО. Дольф Лундгрен в боевике «Работорговля»
22:40 «Алдараспан»
01:00 «Қос тағдыр» (повтор)
02:30 Тамаша live
03:00 Әзіл студио
03:30 What's up?
04:00 1001 Әзіл
04:30 Ризамын
05:00 «31 әзіл»
05:30 What's up?

06:00 Күлкістан
09:00 Шоу «Музыкальная интуиция»
11:00 Х/ф «Повелитель бури»
14:00 К/ф «Махаббат саған ұқсайды»
16:30 Т/х «Тақиясыз періште»
18:00 Шоу «Один в один»
21:00 Х/с «Мама будет против»
02:00 Күлкістан
04:50 Т/п «Қуырдақ»

НТК

07.00 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
08.20 «Жұлдызды Weekend» (каз.)
09.20 Әзіл - күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)
09.40 «БОСС-МОЛОКОСОС: СНОВА В ДЕЛЕ» (мультсериал)
10.00 «СЕЗОН ОХОТЫ» (анимационный фильм)
11.50 «ПАРК ЮРСКОГО ПЕРИОДА 2: ЗАТЕРЯННЫЙ МИР» (семейное фэнтэзи, Винс Вон, Джефф Голдблюм)
15.00 «Джеки Чанның оқиғасы» (каз., мультхикая)
15.45 «INSTA LIKE» (каз.)
16.30 «ТАВОО» (каз.)
17.35 «Талантым тағдырым» (каз.фильм – концерт.)
19.00 «Жұлдызды Weekend» (каз.)
20.00 «ҚЫЗЫҚ LIVE» (каз.)
21.00 «КАРАТЭ-ПАЦАН» (драма, Джеки Чан, Джейден Смит)
23.50 «ШУТКИ В СТОРОНУ» (криминальная комедия, Омар Си, Лоран Лафитт)
01.20 «ГДЕ ЛОГИКА?»
02.10 «ТАВОО» (каз.)
03.00 «Опмай,Опмай» (каз.)
03.40 «Бүлдір-күлдір» (каз.)
04.00-05.00 Әзіл - күлкі бағдарламасы «Екі езу» (каз.)

ШАҺАР ШЕЖІРЕСІ

# ВЕЛОСИПЕДШІЛЕР ЖАРЫСЫ

1972 жылдың маусым айында Целиноград қаласында бүкілодақтық және халықаралық жарыстардың жеңімпазы, велосипедші Михаил Ильяновтың жүлдесі үшін веложарыс өткізілді.



Суретті түсірген Н. ИМАМОВ

Дәстүрлі додаға 10 спорт шебері мен 12 спорт шеберлігіне кандидат қатысты. 30 шақырымдық қашықтықта бас жүлдені қыздар арасында он сегіз жасар Галина Фоськова алса, ерлер арасында темірталық Виктор Кузьнецов иеленді.

Суретте айналма жолдағы веложарыс.

Қазір заман өзгерді, халықаралық дәрежеде өтетін веложарыста ел намысын «Астана» велокомандасы қорғап жүр.



# МӘМБЕТОВТІҢ ТАҢДАУЫ ТҮСКЕН

Әбдіқадыр Қашқабаев есімі кеңестік және тәуелсіз Қазақстан театр көрермендері үшін жақсы таныс. Бүгінде театр мен кино өнеріне адал еңбек етіп келе жатқан жаннан дәріс алып жүрген студенттер қандай бақытты дерсің! Ол кісінің әр дәрісіне, әрбір әдіс-тәсіліне қызыға қарайсың. Майталман педагогтың кез-келген сабағы өнерге деген қызығушылығыңды арттырмай қоймайтыны белгілі. Жетпіс деген мерейлі жасқа келіп жатқан сахна саңлағы жайында сөз қозғау театртанушы ретінде менің де, басты парызым деп ойлаймын...



1976 жылы Мұхтар Әуезов атындағы академиялық қазақ драма театрының жанындағы екі жылдық студияны тәмамдаған бір топ жас түлекті Мәдениет министрлігіне шақырды. Шақырылу себебі – жас қырандарды Қазақстанның түкпір-түкпіріндегі театрларға жолдама беріп орналастыру. Министрлік өкілі тізім бойынша жастарды Гурьев, Қарағанды театрларына орналасатындарын хабарлап жатыр. Кезек жалындаған Әбдіқадырға да келді.

– Қашқабаев Әбдіқадыр – деді министрлік өкілі.

– Сен, Әуезов театрына Әзірбайжан Мәмбетовтің таңдауымен барасың, сені Әзірбайжан Мәдиұлының өзі таңдап алды. Сол театрда қызмет етесің. Бұндай жауапты күтпеген Әбдіқадырдың қуанышында шек болмады. Жас актер Әбдіқадыр Қашқабаев үшін сол күннен бастап жаңа өмір парағы ашылды.

Студияда өзі тәлім алған Райымбек Сейітметов, Тұңғышбай Жаманқұлов, Раушан Әуезбаева, Ахметжан Қадыров сынды ұстаздардың өнегесімен қазақ театр өнерінің қара шаңырағының табалдырығын үлкен толқыныспен аттады. М.Әуезов атындағы академиялық қазақ драма театрының ұжымы жас актерді жылы қарсы алды. Қазақ театрының ақсақалы, КСРО халық әртісі Серке Қожамқұлов, КСРО халық әртісі, театр анасы Сәбира Майқанова, КСРО халық әртісі Хадиша Бөкеева сынды корифейлерден өнерде де, өмірлік те тәрбие алды.

«Алдыңғы толқын ағалар, кейінгі толқын інілер» деп ұлы ақынымыз Абай Құнанбайұлы айтқандай, алдыңғы буынның әр тәлімі, әрбір кейіптеген бейнелері Әбдіқадыр үшін үлкен бағдар болды. Әзірбайжан Мәдиұлының Әбдіқадырды көп жастың ішінен таңдап алғанын жоғарыда айтып өттік. Театрға келгенде де, Әбдіқадырдың ең алғашқы рөлі Әзірбайжан Мәдиұлы сахналаған Ш.Айтматовтың «Ана-Жер-ана» трагедиясындағы Жайнақ болды. Бұл бейнені КСРО халық әртістері Сәбира Майқанова мен Фарида Шәріповамен бірге бір сахнада ойнады.

Актер Әбдіқадыр Қашқабаевтың бейнелеуіндегі Жайнақ – бар айналасын шуаққа бөлейтін, қандай жағдай болса да оптимистік көзқарасты қабылдайтын кейіпкер болып көрінгені театр сүйер көрермендердің есінде. Одан кейін театр сахнасында М.Әуезовтің «Еңлік-Кебегінде» – Жапал, «Айман-Шолпанында» – Өзбек, Б.Соқпақбаевтың «Менің атым Қожасында» – Жантас, С.Ахмадтың «Келіндер көтерілісінде» – Тоқтасын, Н.Хикметтің «Фархад-Шырынында» – Ашраф сынды әр жанрдағы әр қилы кейіпкерлердің тағдырын тірілтті.

ҚР халық әртісі Райымбек Сейітметов өзбек драматургы Саид Ахмадтың «Келіндер көтерілісі» комедиясын сахналады. Әбдіқадыр Қашқабаевқа аталмыш туындыдан Тоқтасын атты кейіпкер бұйырды. Басты кейіпкер – Фармон бибінің кіші ұлы. Бауырлас елдің бұл комедиясы М.Әуезов атындағы академиялық қазақ драма театр сахнасында он сегіз жыл жүрді. Театр «Келіндер көтерілісімен» Қазақстанның барлық облыстарын аралап, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Әбдіқадыр Қашқабаев бір әңгімесінде: «Келіндер көтерілісі» спектаклі есіме түскенде, бүкіл Қазақстанның жері елестейді. Өйткені, біз аталмыш қойылыммен Қазақстанның барлық жеріне сапарладық» деп есіне алады.

Ұжыммен өткізген әр спектакль, әр гастроль Әбдіқадыр Қашқабаевтың күні-бүгінге дейін көз алдында. 1977 жылы Бүкілодақтық өнер фестивалінде М.Әуезовтің «Еңлік-Кебек» трагедиясындағы Жапал рөлі үшін лауреат атанды. Бұл театр табалдырығын аттаған жас актер үшін үлкен жетістік еді. Актер Ә.Қашқабаев нұсқалауындағы Жапал – жақсылыққа жаны жақын, Еңлік пен Кебек тағдырына алаң болған адал жан екені байқалып, театр сыншыларының оң бағасына ие болды.

Актерлік өнер – шабыт күшін, қиял қуатын, ыстық сезімді талап ететін ерекше қабілет. Ал осы ерекше қабілетке ие болған Әбдіқадыр Қашқабаев театр өнеріне деген ыстық махаббатымен адал еңбек етті. Қазақ дубляжының дамуына да Әбдіқадыр Қашқабаевтың қосқан үлесі өте зор. «Қазақфильм» киностудиясындағы фильмдерді қазақ тілінде дыбыстады.

Қазақ өнерінде өзіндік орны бар Қашқабаевтар әулетін өнерлі шаңырақ деп те атауға болды. Әбдіқадыр ағаның жары Торғын Оспанқызы да өнерден құр алақан емес. Ғарифолла Құрманғалиевтің шәкірті, талай өнерлі өрендерді тәрбиелеп жатқан ұлағатты ұстаз. Баласы – ҚР еңбек сіңірген қайраткері, театр және кино актері Сырым Қашқабаев. Өнердің талай қырын өткерген Әбдіқадыр Қашқабаев баласы Сырымның актер болуына қарсы болды. Бірақ, баласының көзіндегі жалындаған отты байқаған асқар тау әке ақ батасымен бала қадамына сәттілік тіледі.

1999 жылы отбасымен бірге, еліміздің бас қаласына қоныс аударады. Әбдіқадыр Қашқабаев үшін жас қалада жаңа өмір, жаңа кезең басталды. Бұл кезеңде ұстаздық әлемнің есігін айқара ашып, Қазақ ұлттық өнер университетіне ректор, «Әлем әртісі» Айман Қожабекқызының арнайы шақыртуымен шәкірт тәрбиелеуге келеді. Күні бүгінге дейін осы ұлағатты жолды жалғастыруда.

Бибінұр Қанаш, Ринат Рахымбеков, Аслан Төлентай, Хазірет Төлеген, Зарина Жәкенова сынды шәкірттері еліміздің театр мен кино өнерінде адал еңбек етіп жүр. Әбдіқадыр ұстаз шәкірттеріне өзі тәлім алған аға-апалары жайындағы естелігін, олардың өнегесін үнемі айтып отырады.

Мерейлі жетпіс жасқа толып отырған Әбдіқадыр Қашқабаевтан бүгінгі ұрпақтың алар өнегесі мол!

**Бахтияр ТҰРСЫН,**
**театртанушы**

# #КЕРЕККЕҢЕС

## *БАЛАЛАРДЫ МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДАУ ҮШІН 37 МЫҢ ТЕҢГЕНІ КІМДЕР АЛА АЛАДЫ?*

***Мектеп формасы мен кеңсе керек-жарақтарын сатып алуға 418 мың баланың ата-анасы 37 389 теңге алады. Бұл ақшаны алу үшін отбасы қандай талаптарға сай болуы керек екендігін ҚР Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің төрағасы Есенғазы Иманғалиев түсіндіріп берді.***



Бұл төлемге үміткер болу үшін үкіметтен атаулы әлеуметтік көмек алушы (АӘК) болу міндетті емес.

**«Жалпыға міндетті оқу» қоры аясында мына санаттағы балаларға материалдық көмек көрсетіледі:**

– атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылардан шыққан балаларға;

– АӘК алмайтын, бірақ жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен отбасылардан шыққан балаларға;

– жетім балаларға;

– ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға;

– төтенше жағдайға тап болған оқушыларға материалдық көмек көрсетіледі.

«Жалпыға міндетті оқу» қорынан көмек алу үшін тұрғылықты мекенжайы бойынша білім басқармасына немесе басқарманың білім беру бөліміне жүгіну қажет.

Сондай-ақ, елімізде аз қамтылған, көпбалалы отбасылардан шыққан, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға көмек көрсетуге бағытталған «Мектепке жол» акциясы өтуде. Акцияға қатысу үшін білім басқармалары мен ұйымдарына немесе жедел желі телефондары арқылы хабарласу қажет.

**«Мектепке жол» қайырымдылық акциясы аясында қалай көмек алуға немесе көмек көрсетуге болады?**

Әр мектепте әлеуметтік көмекке мұқтаж балалардың тізімі жасалады. Әр өңірде жедел желілер ашылған.

ҚР Білім министрлігінің баспасөз қызметі хабарлағанындай, Балалардың құқықтарын қорғау комитеті «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясын іске қосты.

Қайырымдылық шарасы «Мектепке жол – шекарасыз жақсылық» ұранымен өтуде. Ол 2022 жылдың 31 тамызына дейін, яғни жаңа оқу жылы басталғанша жалғасады.

Акцияға барлық ниет білдірушілер: еріктілер, бизнесмендер, меценаттар, үкіметтік емес ұйымдар және басқалар қатыса алады. Қатысушылар мұқтаж отбасылар мен балаларға қолдау көрсетіп, көмекке де жүгіне алады.

**Акция не үшін өткізіледі?**

Акция аз қамтылған, көпбалалы отбасылардан шыққан оқушыларға, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға қажетті көмек көрсету үшін өткізіледі. Бұл өз кезегінде әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке бармауына жол бермейді.

Әр мектепте әлеуметтік көмекке мұқтаж балалардың атаулы жеке тізімдері жасалған. Білім беру ұйымдарында жедел желілердің үздіксіз жұмысы ұйымдастырылды. Балалар мен ата-аналар, қиын өмірлік жағдайға тап болған барлық адамдар көмек сұрай алады. Өскелең ұрпақ тағдырына барлық бей-жай қарамайтын азаматтар, кәсіпкерлер, меценаттар акцияға қосылып, мұқтаж жандарға көмек көрсете алады.

**Акция аясында қанша бала көмек алды?**

Акцияны өткізген 10 жыл ішінде 2 миллионнан астам бала материалдық көмек алды. «Мектепке жол» акциясына қатысу үшін білім басқармалары мен ұйымдарына жүгіну қажет.

**Акция туралы толығырақ ақпарат алу үшін қайда хабарласуға болады?**

Нұр-Сұлтан қаласындағы білім басқармасының жедел желісі:

- 8 (7172) 55 69 60;
- 8 (775) 463 50 46.

**Дайындаған Г.ӨКЕШҚЫЗЫ**

## БИЗНЕС-ИДЕЯЛАРҒА ГРАНТТАР БӨЛІНЕДІ

***Нұр-Сұлтан қаласында 2021-2025 жылдарға арналған Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі Ұлттық жобаны іске асыру аясында жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін мемлекеттік гранттарды алуға өтінімдер қабылдау жүріп жатыр.***

Гранттар жұмыссыз немесе жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу мерзімі үш жылдан аз немесе бір реттік жиынтық төлемді төлейтін жеке кәсіпкер ретінде грант алуға өтініш бергенге дейін тіркелген жағдайда халықтың әлеуметтік осал топтарына беріледі.

Грантқа үміткерлер төмендегі әлеуметтік санаттардың бірінен болу керек:

– 29 жасқа дейінгі жастар; аз қамтылған отбасы мүшелері--атаулы көмек алушылар; көпбалалы отбасы – көпбалалы отбасылар бойынша жәрдемақы алушылар; қандастар, қоныс аударушылар; жәрдемақы алатын мүгедек баланы тәрбиелеп отырған тұлғалар; еңбекке қарсы көрсетілімдері жоқ мүгедектігі бар адамдарды (мүгедектер) және асыраушысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік жәрдемақыларды алушылар.

Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған гранттар тиісті қаржы жылының республикалық бюджеті туралы заңда белгіленген 400 АЕК-ке дейінгі мөлшерде (2022 жылға 1 225 200 теңгені құрайды) өтеусіз және қайтарымсыз негізде бастапқы бизнесті іске асыруды жоспарлайтын Ұлттық жобаға қатысушыларға бір рет беріледі.

Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға грант алу үшін өтініш беруші «Электрондық еңбек биржасы» мемлекеттік ақпараттық порталының ішкі жүйесі болып табылатын business.enbek кәсіпкерлік бастамаларды қолдау порталында өтінім береді.

Грант алудың міндетті шарттары: 1. «Бастау Бизнес» жобасы бойынша оқуды аяқтау туралы сертификаттың болуы 3 жыл ішінде сертификатты алған күннен бастап есептеледі; 2. Үміткердің порталда белгіленген талаптарға сәйкестігіне нәтижелердің болуы; 3. Комиссияның оң шешімінің болуы.

Грант алу үшін өтінімдер I лек бойынша (2022 жылғы 1-14 сәуір аралығында берілді), II лек бойынша (2022 жылғы 8-19 тамыз), III лек бойынша (2022 жылғы 29 тамыз-9 қыркүйек), IV лек бойынша (2022 жылғы 19-30 қыркүйек аралығында), портал арқылы «Business.enbek.kz» онлайн режимінде жүзеге асырылады.

**Толық ақпарат алу үшін Бейбітшілік көшесі 9, мекенжайына хабарласуға болады. Тел.: 24-94-72, 24-96-44, 8-700-956-98-10.**

2022 жылғы 17 шілдеде Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жол салу саласындағы сыбайлас жемқорлықтың жоғары көрсеткішін атап өтіп, елдегі жол құрылысы барысында 10 жыл ішінде жол берілген бұзушылықтарға мұқият тексеру жүргізуді тапсырды.

Ел Президентінің Сыбайлас жемқорлыққа және оның барлық көріністеріне қарсы іс-қимыл жөніндегі тапсырмалары мен бастамаларын қолдай отыра, «Әділдік жолы» Республикалық қоғамдық бірлестігі ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттігімен бірлесіп, 2022 жылғы 15 тамызда Республика бойынша автокөлік жолдары саласында «Әділдікті талап ет!» атты ауқымды науқанын бастайды. Оған Қазақстан Республикасының кез-келген азаматы қатыса алады.

Науқан барысында автожол саласы мәселелері қозғалып, жолдарды салу, жөндеу және күтіп ұстау кезінде жемқорлық тәуекелдерін анықтауға баса назар аударылатын болады.

Мемлекет автожол саласына үлкен қаражат бөлетініне қарамастан, өкінішке қарай, ол үнемі қоғам тарапынан сынға ұшырауда. Сапасыз жолдардың салдарынан көптеген жол-көлік оқиғалары орын алды.

Биыл Республика бойынша 11 мыңнан астам шақырым жолға әртүрлі жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Бұған 600 миллиард теңгеден астам қаржы бөлінді. Ал, жол жөндеуге бөлінген қаражаттың 44 пайызына мемлекеттік сатып алу қорытындысы жасалған жоқ. Автожолдарды салу жобаларының барлық кезеңдері жемқорлық тәуекелдеріне бейім. Тек мемлекет пен азаматтардың бірлескен күшімен ғана, қоғамды барынша жемқорлыққа қарсы күресте жұмылдыра отыра, бұл зұлымдыққа төтеп бере аламыз.

Азаматтар науқанға Adildik.kz веб-сайты арқылы қосылып, 1463 Call center бойынша Қазақстан автожолдарын салу, жөндеу және күтіп ұстау саласындағы жемқорлық туралы ақпаратты 15 тамыздан бастап хабарлай алады.

Бей-жай қарамайтын барлық азаматтарды аталмыш науқанға қосылып, белсенділік танытуға шақырамыз.

**«Әділдік жолы» РҚБ-нің**
**Нұр-Сұлтан қаласындағы филиалы**
**басшысы Д.Құлжамбеков**

«Нұр-Сұлтан қаласы, Өндірістік аймақ, № 6/2 ғимарат мекенжайы бойынша ЕЦ-166/10 мекемесіне су құбыры желілерін салу» жұмыс жобасы бойынша 22.08.2022ж. мерзімінен бастап бес жұмыс күні ішінде көпшілікпен талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Жобалық құжаттармен танысу, ескертулер мен ұсыныстар беру Бірыңғай экологиялық порталда https://ecoportal.kz/ «Жарияланған қоғамдық талқылаулар» бөлімінде болады.

Жобаға тапсырыс беруші – «Нұр-Сұлтан қаласының Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ, тел. 8(7172)556940.

Жергілікті атқарушы орган – «Нұр-Сұлтан қаласының қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы» ММ, тел. 8(7172)557579.

«Қазақстан Республикасының Қаржылық Мониторинг агенттігі» мемлекеттік мекемесі «Нұр-Сұлтан қаласы, Бейбітшілік 10 мекенжайда орналасқан «Қазақстан Республикасының Қаржылық мониторинг агенттігі» ММ-сі (жертөле, 3,4,5 қабат) ғимаратын күрделі жөндеу» жобалық-сметалық құжаттамасы бойынша қоғамдық талқылауын өткізеді.

Жоспарланған іс-әрекеттің бастамашысы: «Қазақстан Республикасының Қаржылық Мониторинг агенттігі» мемлекеттік мекемесі.

ҚОҚ жобасының әзірлеуші: ЖК Баймаханова: тел: 87079476947 эл.адрес: bgm-86@mail.ru.

Жоба бойынша құжаттама сайтта орналастырылған бірыңғай экологиялық порталда – ecoportal.kz.

Барлық ескертулер мен ұсыныстарды 19 мен 26 тамыз аралығында қоғамдық талқылаулар өткізілетін күнге дейін 5 жұмыс күнінен кешіктірмей бірыңғай экологиялық порталға – ecoportal.kz жолдауға болады.

«Ваш Столичный Ломбард» ЖШС күн сайын, кепіл мүлкін соттан тыс сатуды жүзеге асырады. Ломбардтарда ашық аукционда сату арқылы, зергерлік бұйымдар түріндегі мүлікті. Толығырақ vsl.kz/torgi






# «АБАЙ ӘЛЕМІН» АШТЫ

Елордадағы Орталық балалар және жасөспірімдер кітапханасында «Абай әлемі» көрмесі дайындалып, оқырмандар назарына ұсынылды. Көрмеге ақынның төл туындылары – өлеңдері мен қара сөздері, орыс және шығыс әдебиетінен аудармалары, сондай-ақ оның өмірі мен шығармашылығына арналған 50-ден астам еңбек қойылды.

**Райхан РАХМЕТОВА**

Алдымен хәкім Абайдың өмірі туралы кітапхананың аға кітапханашысы Жанна Байдарбекова деректер келтірсе, кітапханашы Жәмилә Жанарбек ақын өлеңдерін мәнерлеп жатқа оқыды. Сондай-ақ жас оқырмандар арасынан №37 мектептің оқушылары Айғаным және Қаракат Сатан Абай өлеңдерінен үзінділер оқыса, Ажар Серікова есімді оқушы гитарамен ақын әндерін шырқады.

– Ұлы ақынның 10 тамыз туған күні қарсаңында біздің кітапхана арнайы көрме жасақтап, жас оқырмандар назарына ұсынып отыр. Жалпы кітапханаға орташа есеппен күніне 70-80 оқырман келеді, оның ішінде әрине негізінен көбі – балалар болса, кейде ересектер де бас сұғады. Бүгінде кітапханамыздың қорында 164887 кітап бар. Кітапхана қоры қалалық бюджеттен бөлінген қаражатқа Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі «Мемлекеттік сатып алу» заңы бойынша толықтырылады. Кейде оқырмандар да үйлеріндегі кітаптарын әкеп беріп жатады. Олардың ішінде Абай шығармалары да кездеседі, біз ондай құнды дүниелерді қуана-қуана қабылдаймыз. Себебі келер ұрпаққа мұра болып қалар ақын еңбектері бізге ешқашан көптік етпейді, – дейді Ж. Байдарбекова.

Қалалық кітапханада мектеп оқушыларының бос уақытын өткізуге арналған коворкинг орталықтар, Оқу залы және кітапхана қызметкерлері өздері құрған «Еркетай» қуыршақ театры бар. Мұнда балалар бос уақытында келіп, дойбы, шахмат ойнап, сурет салып демалысын тиімді өткізе алады. Ал қуыршақ театрында танымал авторлар шығармалары оқырман балаларды қатыстыра отырып сахналанады. Бұл да балалардың бойындағы талантын дамытып, шығарма кейіпкерлерін өздеріне сомдату арқылы кітап оқуға деген құмарлығын оятуға септік етеді.

# БАС АҚЫНҒА ЖАС АҚЫНДАР ЖЫР АРНАДЫ

«Абайтану ілімінде «Бала Абай», «Ақын Абай» «Һәкім Абай» деген категорияға бөліп зерттеп, зерделеу маңызды». Абайтанушы Алмахан Мұхаметқалиқызы Нұр-Сұлтан қаласының 30-ға жуық орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері жиналған жыр кешінде осындай ойын ортаға салды.

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Білім беруді жаңғырту орталығы» ұйытқы болған іс-шарада ақындар, өнерпаздар және жастар бой көрсетті.

Орталықтың әдіскері Жанар Сейдахметова:

– Абай күнін ұлықтау арқылы ұлттық болмыс-бітіміміз бен қабілет-қасиетімізді тануға болады. Ал Абай ілімін танып, насихаттауда ғалымдар мен зерттеушілерден бөлек, қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімдері де елеулі рөл атқарады. Сондықтан Есілдің бойындағы Ұстаздар аллеясында еркін форматта өтетін жыр кешіне қаладағы іргелі білім ордаларының ұстаздарын шақырып, санаңа сәуле, зердеңе ақыл қосатын Абай өлеңдерінің маңызын талдап, мұраларының тәрбиелік мәнін ашып, текстологиясын зерделеуді ойластырдық, – деді.

Біз Абайды ақын ретінде танимыз. Оның өлеңдері мен қара сөздерін оқып, парасат-пайымымыз жеткенше талдаймыз. Оның заңгерлік ізденісін, аудармашылық еңбегін, билікке араласқан іскерлігін терең біле бермейміз.

Абайтануды үш кезеңге бөліп, оқушылардың таным-түсінігіне жақын етуді маңызын айтқан Алмахан Мұхаметқалиқызы:

– Мектеп бағдарламасындағы Абайтану ілімі ғылыми негізде жасалған. Оны оқушының жас ерекшелігіне сай қайта қалыптастыру міндеті тұр. Осыны ескеріп «Абай әлемі» атты оқу бағдарламасын әзірледім. «Бала Абайды» 1-5 сынып оқушыларына, «Ақын Абайды» 6-8 сыныптарға және «Һәкім Абайды» 9-11 сыныптарға бөліп, сатылатып оқуды ұсындым. Осы үш кезеңде де оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай Абайдың алған тәрбиесі мен тағылымы қамтылады.

...Біз өзімізді танығымыз келсе, Абайды тануымыз керек. Тіпті Абайды тану – елдіктің жарқын жолын тану деп түсінуіміз керек, – деді.

Әдеби-рухани кеш барысында Абайдың өлеңдері оқылып, әндері шырқалды. Жас ақындар бас ақынға өз арнауларын арнады.

**Нұрлат БАЙГЕНЖЕ**

# ТҮРКІСТАН ТЕАТРЫНЫҢ ТАРТУЫ



27-28 тамызда елордаға гастрольдік сапармен келетін Түркістан музыкалық драма театрының әртістері «Астана Опера» театрының сахнасында өнер көрсетеді.

Шығармашылық ұжым елорда тұрғындары мен қонақтарының назарына белгілі жазушы-драматург, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ермек Аманшаевтың либреттосына қойылған «Қорқыт туралы аңыз» пластикалық спектаклін ұсынады.

Бұл спектакльде ізгілік пен жасампаздық нұрын шашқан Қорқыт пен жер бетін араздық алаңына айналдыруға тырысқан сиқыршы Мартудың арасындағы мәңгілік қақтығыс заманауи хореография тілімен әсерлі бейнеленеді.

Спектакльді қоюға көптеген тәжірибелі мамандар атсалысты. Қоюшы хореограф – белгілі ресейлік балетмейстер, өнертанушы Константин Семенов. Композитор – Хамит Шаңғалиев.

# КИЕЛІ ЖЕРЛЕРДІ АРАЛАДЫ

Нұр-Сұлтан қаласы Қазақстан халқы Ассамблеясы, этномәдени бірлестік мүшелері, ЖОО тарихшылары мен елордалық ҚХА жастары Павлодар облысының тарихи-өлкетану, киелі нысандарына сапарлап келді.

Жастар елордалық Достық үйі алаңынан жинақталып ең алдымен Павлодар облысы Екібастұз қаласы маңындағы ауылға барып Исабек Ишан мешітіне барып, құран бағыштап, мұражайымен танысты. Экскурсияны Екібастұз тарихи-өлкетану мұражайының маманы Асхат Серикбеков бастап отырды. Ол қатысушыларға Исабек Ишан туралы кеңірек тоқталып өтті.

«Жаз бойы Қазақстанның түкпір-түкпірінен жерлестерімізден бөлек шетел келетін туристер Павлодар облысының киелі жерлерімен көптеп танысуда. Бүгінгі күні 70-тен астам киелі жерлер бар. Оның 5-еуі республикалық сакралды тізімінде. Олар: Баянауыл ауданындағы Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Қоңыр әулие үңгірі, Жасыбай батырдың монументі, Екібастұз қаласының ауылдық аймағындағы Исабек Ишан кесенелік кешені, Аққөл-Жайылма қалашығы. Тарихта аты қалған, бүгінде есімі аңызға айналған парасатты, ізгі ниетті, адасқанда халқына бағыт-бағдар берген аңызға айналған адамдар көп. Сол адамдардың ұрпағы ретінде кесене тұрғызып, атын асқақтату жолы біздің парызымыз» – деді Асхат Серикбекұлы өз сөзінде.

Одан әрі делегация Павлодар облысындағы Баянауыл ауылының солтүстік-шығысында, 17 км қашықтықта орналасқан «Қоңыр әулие» үңгіріне, Мәшһүр Жүсіп Көпеев кесенесіне зиярат етті. Тарихи-мәдени мұра, орта ғасырлық қала орындарына саяхат жасаған экскурсия қатысушылары тарихы тереңде жатқан киелі жерлермен танысып, «Жасыбай» демалыс аймағына орналасып, қызықты кеш өткізді.



# СЕГІЗІНШІ «СЫРСАНДЫҚ»

Нұр-Сұлтан қаласының Бірлескен мұражайлар дирекциясына қарайтын С.Сейфуллин музейінің «Сырсандық» сериясының 8-кітабы «Фолиант» баспасынан жарық көрді.




«Сәкен тұлғасы тарих төрінде» аталатын бұл еңбектің авторы – өнер зерттеуші, тұлғатанушы Серік Оспанов, жауапты шығарушы – атальмыш музей директоры, ақын Несіпбек Айтұлы, ғылыми редакторы – сәкентанушы Назгүл Сапиянова.

Кезекті рет шығып отырған бұл ғылыми-деректі жинақ құрылғанына 100 жыл толған Қазақ Республикасының мерейтойы аясында, тәуелсіз мемлекет құру жолында өз жандарын пида еткен ұлт арыстарының орыс отаршылдығы мен интервенцияға қарсы саяси күресі Алашорда, Ақ гвардия, Кеңес үкіметі кезеңдерінің текетіресі архивтік құжаттар мен тарихи деректерге құрылған.

Жинақта 1922-1925 жылдары Қырғыз (Қазақ) АССР-нің Халық комиссарлары кеңесінің төрағасы болған мемлекет және қоғам қайраткері, ақын, композитор, ағартушы, жазушы-драматург фольклортанушы-ғалым Сәкен (Сәдуақас) Сейфуллиннің Орынбор кезеңіндегі қызметі қамтылған.

**Баян АСЫЛБЕКОВА**

www.astana-akshamy.kz
Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Шеф-редактор – **Төлен ТІЛЕУБАЙ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

**Тапсырыс №94**

Баспахана: Нұр-Сұлтан қаласы, Бейбітшілік көшесі, 8. 5-кеңсе «KOMEK INV» ЖШС

**Редакция мекенжайы:**
010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК
astana.aqsham@gmail.com

**Қабылдау бөлмесі:**
тел./факс: +7 (7172) 42-43-81
Тілшілер бөлімі: 42-41-03
Жарнама: 42-43-52
Va-reklama@mail.ru

**astana.akshamy@mail.ru**

Кезекші редактор – **Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ**